Бірақ, 2004 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығына салынған шетелдік инвестицияның көлемі 2005 жылы 5,4 есеге өсті. ЖІӨ өндірісінің өсуімен негізгі капиталға инвестиция өседі. Мысалы, Қазақстан экономикасының барлық салалары бойынша 1999 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 2003 жылы 3,4 есе, ал ЖІӨ өсуі 2,2 есе, ауыл шаруашылығында сәйкесінше 7,6 және 1,6 есе, өнеркәсіпте – 3,3 және 2,3 есе өскен. Бірақ ауыл шаруашылығында негізгі капиталға жұмсалған инвестиция көлемі өнеркәсіппен салыстырғанда едәуір төмен: ауыл шаруашылық ЖІӨ-гі үлес салмағы 2003 жылы 7,3%, ал инвестиция үлесі – 1,5%, өнеркәсіпте – сәйкесінше 29,5% және 57,9%; өнеркәсіп өнімдерінің ЖІӨ-і үлесі ауыл шаруашылығының осындай көрсеткішінен 4 есе артады, ал инвестиция үлесі 38,6 есе жоғары. Егер ЖІӨ-нің 1 теңгесіне республика бойынша 0,28 теңге инвестиция бөлінетін болса, өнеркәсіпте – 0,56 теңге, ал ауыл шаруашылығында – 0,06 теңге.

Қазақстан Республикасында экономиканың басымды салаларына, әсіресе, ауыл шаруашылығына шетелдік инвестиция тартуды ынталандыру жүйесінің жоқтығынан туындап отыр. Бұл келісім шарттық жүйені құрметтеуден, салық салу деңгейінің жоғарылығы мен күңгірттігінің, әлеуметтік, көлік және байланыс инфрақұрылымдарының дамымағандығынан, жалпы саяси, құқықтық және нормативтік жүйелердің тұрақсыздығынан келіп шығады. Сондықтан, инвестицияның жоғары тиімділікпен және барынша көп пайдалылықпен қолдануға кепілдік беретін салаларға бағытталатындығы белгілі.Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына тартылған ішкі инвестициялар үлесі 2004 жылмен салыстырғанда 2005 жылы біршама артқанын көруге болады (кесте 2). Бірақ экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда өте төмен.

Инвестициялардың негізінен еліміздің өнеркәсіп саласына, соның ішінде минералдық-шикізаттық кешеніне бағытталып отырғандығы осының айғағы десе болады. Мұның ақыры ел экономикасының «голланд ауруына» шалдығуына әкеліп соқтырады. Сонымен қатар, импортты өсіруге негізделген ауқымды инвестициялар көлемі де экспортқа бағдарлы, өндеуші өнеркәсіп салаларының құлдырауына алып келеді. Нәтижесінде, еліміз бар ресурстарын өндіріп болғаннан соң еш нәрсесіз қалу қаупімен бетпе-бет қалады. Міне, сондықтан ҚР Президенті өзінің 2030 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасында өңдеуші өнеркәсіптерге, инфрақұрылымға, жоғары технологиялық, ғылыми сыйымды өндірістерге капитал салу үшін барынша қолайлы шарттарды қалыптастыру арқылы осы тенденцияны жою міндетін алға қойды. Қазақстанда бұған қажетті барлық алғы шарттар қалыптасқан: өндірістік потенциал, белгілі бір техникалық мәдениет, жұмысшы күшінің бірыңғай бағасы және жоғары білікті мамандар баршылық .

Инвестициялармен жұмыс істеу тиімділігі мен «ашықтығын» қамтамасыз ету және олардың қазақстандық нарықтағы іс-әрекетін жеңілдету үшін ҚР Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті (ҚР ИМК) құрылды. Осы аталған комитет республикадағы тікелей инвестицияларға мемлекеттік қолдау көрсететін бірден-бір өкілетті, мемлекеттік орган болып табылады. Мұнымен қоса, экономиканың басымдық салаларына өз капиталын салатын жеке инвесторларға айтарлықтай жеңілдіктер мен артықшылықтарды қарастыратын «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң қабылданды. Мұндай салаларға өндірістік инфрақұрылым, өңдеуші өнеркәсіп, Астана қаласының нысандары, тұрғын үй, әлеуметтік сала мен туризм нысандары және ауыл шаруашылығы жатады.

Кесте 2 - Қазақстанның экономика салалары бойынша негізгі капиталға жұмсалған ішкі инвестициялардың даму серпіні

Көрсеткіштер	Жылдар									
	2001		2002		2003		2004		2005	
	Млн. теңге	%	Млн. теңге	%	Млн. Теңге	%	Млн. теңге	%	Млн. теңге	%
Экономика салалалары бойынша – барлығы	516807	100	612917	100	792181	100	115993	100	1461828	100
оның ішінде экономика-лық қызмет түрлері бойынша: Ауыл шаруашлығы	11935	2,3	15183	2,5	17210	2,2	34321	3,1	38144	2,6
Өнеркәсіп	223606	43,3	250635	40,9	303932	38,4	373091	33,4	490948	33,6
Құрылыс	36966	7,2	44223	7,2	72472	9,1	135862	12,2	191439	13,1
Сауда	29783	5,8	38949	6,4	52767	6,7	80852	7,2	102682	7,0
Көлік және байланыс	84450	16,3	98520	16,1	111725	14,1	136908	12,3	154615	10,6
Қаржы қызметі	11199	2,2	8802	1,4	11462	1,4	14428	1,3	27864	1,9
Мемлекеттік басқару	56876	11,0	91508	14,9	124676	15,7	169658	15,2	241502	16,5
Басқалар	61992	11,9	65097	10,6	97937	12,4	170873	15,3	214634	14,7

Ескерту – ҚР-ғы инвестициялық қызмет. 2002-2005. Статистикалық жинақ, Алматы, 2006. 29 бет.

Ауыл шаруашылық құрылымдарының қаржылық жағдайының тұрақтылығы меншікті айналым құралдарының сақталған қор мен шығындар сомасынан артуымен сипатталады (мұндай шаруашылықтар мүлдем жоқ). Қалыпты тұрақтылық сақталған қор мен шығын мөлшерінің олардың қалыптасу көздеріне теңдігімен сипатталады және олардың төлемқабілеттілігі кепілдендірілген (25%). Тұрақсыз қаржы жағдайында төлемқабілеттілік бұзылады (30%). Дағдарысты қаржы жағдайында сақталған қор мен шығын мөлшері барлық қаржы көздерінің сомасымен сай келмейді (45%). 2004 жылдың мәліметі бойынша ауыл шаруашылығы саласында жалпы қарыз 88302 млн.теңге болса, дебиторлық қарыз 45126 млн.теңгені, ал ауылдық жерде орналасқан кәсіпорындардың дебиторлық қарызы 107669 млн.теңгені құрады. Бұл республиканың ауыл шаруашылық саласын қаржыландыруға бөлінетін жылдық бюджет қаржысына тең деген сөз. 2004 жылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарының міндеттеме бойынша қарызы олардың жалпы сомасының шамамен 17 пайызын құрады.

Біздің ойымызша, өндірістің жоғары тиімділігі мен технологиялық және өндірістік кешендердің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және жоғары салалы әрі бәсекеге қабілетті өнім өндіруге мүмкіндік беретін, өндірісті ұйымдастыру мен ынталандыру жүйелері және экономикалық жауапкершілік механизмі қызығушылық туғызады. Сондай-ақ ауыл шаруашылығының айналымдық капиталын құруда саланың ерекшелігін ескерген жөн.

Литература:

1. Регионы Казахстана: статистический сборник /под редак. К.С.Абдиева. - Алматы, 2004. – 516 с.
2. Острикова Д.К. Привлечение инвестиций в сельское хозяйство - решение проблем села // Проблемы агрорынка. - 2003. - №2. - С.93-95.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОЛМА-ҚОЛ ЕМЕС АҚША АЙНАЛЫМЫНЫҢ ДАМЫТУДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІНІҢ РӨЛІ

Дәулетханова Ж.Д., есеп және аудит магистрі, оқытушы
Шығыс Қазақстан мемлекеттік университет

Ақша айналымы деген қолма-қол ақша мен қолма-қол емес ақша белгілерінің тауар айналымын және тауарсыз төлемдер мен ақшаның қызметі. Ақша айналымына тән ерекшеліктер мыналар: ақша айналымы негізнен шаруашылықтағы нарықтық қатынастарға қызмет жасайды, ол бөлу қатынастарының тек аз ғана бөлшегін қамтиды; қолма-қол ақша және қолма-қол емес ақша айналымдарын заңмен ажырату жойылды; ақша айналымы мемлекеттің, коммерциялық банктердің, заңды және жеке тұлғалардың жоспарлы болжауының объектісі болып табылады; ақша айналымы әр түрлі меншік формасы жағдайында жүреді; ақша айналымының алғашқы және қорытынды кезеңдері орталықтанбаған, яғни олар әр түрлі коммерциялық және мемлекеттік банктерде шоғырланған; қолма-қол ақша және

қолма-қол емес ақша айналымы бір-бірімен тығыз байланыста жүреді; қолма-қол ақша эмиссиясын Орталық банк жүргізіп, ал қолма-қол емес ақша белгілерін коммерциялық банктер шығарады. Ол мынадай екі бөліктен тұрады: қолма-қол ақша айналысы және қолма-қол емес ақша айналымы. Осы бөліктердің әркайсысы тұралы тереңірек тоқталсақ.

Қолма-қол ақша негізнен халықтың ақшалы табынан және оны жұмсаудан түседі. Бірақ ақшаның көп бөлігі салық, жарна, сақтандыру төлемін, пәтер ақысы мен коммуналдық төлемін, қарызды өтеуге, тауар сатып алу мен көрсетілген қызметке ақы төлеуге, бағалы қағаздар мен лотерея сатып алуға, жалгерлік ақы, айып пұл және т.с.с. төлеуге жұмсайды.

Қорыта айтқанда, ақша коммерциялық банктердің төлем-кассалық бөлімдерінен клиенттер арқылы айналысқа түсіп, белгілі бір мерзімнен кейін клиенттердің (негізінен сауда орындары және халыққа қызмет көрсететін орындардың) кассасы арқылы айналыстан шығады. Сөйтіп, қолма-қол ақшаның қайталама айналысы аяқталады.

Қолма-қол емес ақша айналымы (төлем айналымы) – ол бантегі шот иесінің жазбаша бұйрығы бойынша шоттағы ақша қалдығының өзгеруі немсе ақшаның төлем құралы ретіндегі қызметін атқаруы. Ол бүкіл ақша айналымының басым бөлігін құрайды. Төлем айналымы төлеушілер мен сатып алушылардың банктегі шотына немесе жазу түрінде немесе оларды өзара талаптарын есептеу жолымен жүзеге асырылады. Есеп айырысу операцияларын жүргізу үшін әр түрлі шоттары қолданылады. Кең тараған түрлері: ағымдағы, есеп айырысу және т.б. шоттары. Қолма-қол ақшасыз төлем айналымы: тауарлы операциялар бойынша және қаржы міндеттемелері бойынша болып екіге бөлінеді. Тауарлы операциялары тауарлар мен қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу, ал қаржы міндеттемелері бойынша бюджетке төленетін төлемдер (пайда салығы, қосымша құн салығы, жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы және басқа міндетті төлемдер) және бюджеттен тыс қорлар, банктік борыш өтеу, несие үшін өсімді төлеу, сақтандыру компанияларымен есепиесу жатады. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ұйымдастыруға әр елдің тарихи және экономикалық дамуының ерекшеліктері әсер етеді. Мысалы, ең алғаш 1775 ж. Ұлыбританияда чекті, вексельді, кейін АҚШ чекті қолдана бастаған, ал Германия – жирошотты, ТМД-ға мүше- мемлекеттер есеп айырысу шоттарын және пластикалық төлем карточкаларын кеңінен қолдана бастады.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының ақша айналымын реттеудің маңызды элемент – қолма-қол ақшаны пайдалану аясын тарылту. Бұл мәселе елдегі кәсіпорындар арасында тек қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды ғана жүргізу және банктегі салым иелерінің бөлшек саудамен есеп айырысу үшін есептеу төлем карточкаларын, төлем чектері және т.с.с. жүргізуді ұйымдастыру қажет.

Қазіргі кезде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу құралдары даму үстінде. Соның бірі XX ғасырдың 70-жылдарының екінші жартысында электрондық төлем жүйесін қолдануға мүмкіндік туды.

Электрондық төлем жүйесі – ол қағассыз тасымалдаушы, электронды сигнал жіберу арқылы ақша сомасын аудару, банктік шоттардың жағдайын бақылау, несиелік және есеп айырысу операцияларын жүргізу үшін қолданылады.

Банк клиенттеріне қызмет көрсететін электрондық төлем жүйесіне:

- автоматтандырылған есеп айырысу палатасы;
- банктік автоматтар;
- сауда ұйымдарындағы терминалдар;
- үйде банктік қызмет көрсетулер жатады.

Бүгінгі таңда әмбебап банктер банк қызметтердің барлық аспектілерін түгелдей қамтитын онімдердің кең қатарын ұсынады. Осы кезде басқа банктер бәсекелестік артықшылықты жаулап алу және оны мықты түрде сақтандырып қалу мақсатымен қатаң түрде белгілі бір қызметтер түрлерін көрсетуге мамандануға тырысады, сонын бірі Интернет желісі арқылы жүргізілітін қызмет түрлері.

«Интернет-банкинг» жүйесі интернет арқылы банктік есепшотты нақты уақыт режиминде басқаруға мүмкіндік береді. Ол банкке бармау мүмкіндігінің арқасында уақытты үнемдеп, операциялық шығыстарды азайтады. «Интернет-банкинг» жүйесін енгізді, қазір оны дуние жүзіндегі 13 мың банк қолданады, Қазақстанда «ЦентКредит Банкі» АҚ алғашқыларының бірі болды. Қазақстан Республикасында Заңды тұлға клиент жер шарының кез келген нүктесінде болса да, өз есепшоттарымен жұмыс істей алады. Ол үшін сервер арқылы біздің банкпен хабарласып, өз есепшотын, ондығы нақты ақша қаражатын көріп, есепшот бойынша болжам жасай алады. «Интернет-банкинг» жүйесіне импорттауға мүмкіндік беретін арнайы төлем енгізу қызметі көзделген. 2007 жылы «Интернет-банкинг» жүйесіне қосылған клиенттердің саны бір жыл ішінде 47%-ға артып, бүгінгі таңда банктің заңды тұлға клиенттерінің саны 6000-ға жетіп қалды. Құжат айналым көрсеткіші де өсіп, клиенттердің банк арқылы откен шығыс құжаттарының жалпы санының 47%-н құрады, яғни клиенттер жіберген төлемдердің жартысына жуығы «Интернет-банкинг» жүйесі арқылы өтті. 2007 жылдың банктің 5 филиалында клиенттердің «Интернет-банкинг» жүйесінде, сондай-ақ жеке тұлғаларға арналған «Үйдегі банкинг» жүйесінде әртүрлі банктік операциялар жүргізуіне арналған Интернет-киоскілер ашылды.

Интернет-киоскі – клиенттерге қажетті төлемдерді ыңғайлы, тез және сапалы жүргізуге мүмкіндік беретін арнайы бөлінген және жабдықталған жай. Енді банк операцияларын уақтылы жүргізу және клиенттеріміздің бизнесін дамыту офисті жөндеу, электр энергиясының болмауы, компьютерлік техникасының бұзылып қалуы сияқты ішкі және сыртқы факторларға тәуелсіз болады.

«Үйдегі банкинг» жүйесі – клиенттің банк офисіне келуін қажет етпейтін және жеке тұлғаларға қашықтықтан банктік қызмет көрсетуге арналған жүйе. Банк есепшоттар Интернет желісі арқылы басқарылады.

Бүгінгі таңда жүйе клиентке төмендегі мүмкіндіктерді ұсынады:

- 500-ден астам компаниялардың тауарлары мен қызмет көрсетулеріне төлем жасау;
- ақша айырбастау операцияларын жүргізу, депозиттен депозитке ақша аудару; депозиттер карт-шотка ақша аудару;
- карточкалық есепшоттан операция жүргізу;

- несие өтеу; есепшот бойынша жазбаша үзінді алу; өз есепшоттарындағы ақша қалдығын бақылау;
- банкке жіберілген төлем құжаттарының мұрағатын жүргізу; есепшоттардың жай-күйі туралы электрондық поштаға хабарлама алу;
- валюта бағамдарын қадағалау және банкпен ақпарат алмасу.

«Үйдегі банкинг» жүйесі карточкадан депозитке ақша аудару, филиаларалық аударымдар, несие алу сияқты жаңа қызметтермен толықтырылып, клиенттер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Мысалы, 2007 жылы «ЦентКредит Банкі» АҚ үйдегі банкинг жүйесіндегі клиенттік қоры 3,5 есе артып, 4200 тұтынушыға жетті. Қашықтықтан қызмет көрсететін «Үйдегі банкинг» жүйесі бойынша «ЦентКредит Банкі» АҚ бір айда жүргізілетін аударымдар саны 4 есе артты. 2007 жыл ішінде клиенттердің 21000 төлемі сәтті іске асырылды. «Интерент-банкинг» базалық жүйесінің клиенттер саны көбейген сайын банктің пайдасы да пропорционалды түрде өседі.

Интернет арқылы, төлем қабылдау пунктерінен немесе төлем жасау автоматтарынан төлем жасауға мүмкіндік беретін алғашқы төлем жүйелерінің бірі «TelePay» жүйесі. Коммерциялық банктерде «TelePay» атты жаңа жүйені енгізу бастады. Бұл кез келген байланыс құралын: ұялы телефон, стационарлық телефон (алдын-ала төленген картаның көмегімен) жүргізеді. Төлемші коммуналдық төлемдерді, үйдегі және ұялы телефондар ақысын, қалааралық сөйлесулердің ақысын, пәтерді күзету мен Интернет-дүкен арқылы сатып алған тауарлардың ақысын, сақтандыру төлемдерін және т.б. төлей алады. «TelePay» төлем жүйесі: автоматты түрде және операторлық қызмет арқылы төлем жасауға мүмкіндік береді және тәулік бойын қызмет көрсетеді; кассалық есеп айырысу орталықтарының биллинг жүйелері мен қызмет көрсету мердігерлерінің есеп айырысу және төлем жасау жүйелерін интеграциялау мүмкіндігі; абонеттерге олардың қызмет көрсету мердігерлеріндегі жеке есепшоттарының ахуалы туралы ақпарат беру.

Интернет-банкингтің дамуына дәлел болатын факторлар мынадай: банктік бәсекенің ұлғаюы; қызметті ұсыну шығындарының төмендігі; қызметтердің кең ауқымды түрлеріне жеңіл жолмен қол жеткізу арқылы клиент пен банк арасындағы тұрақты карым-қатынастарды бекіту мен құру; тұрақты клиенттердің санының жастар есебінен ұлғаюымен байланысты клиенттердің демографиясының өзгеруі болады.

Қорытындылай келе, электрондық төлем жүйесін қолдану арқылы ақша айналымын жеделдетуге, айналыс шығындарын азайтуға, есеп айырысуды тездетуге, айналыстағы қолма-қол ақшаны азайтуға кең жол ашады. «Интернет- банкинг» жүйесінің дамуы уақыт пен қаражатты үнемдеу, жұмыс тиімділігін арттыру және операцияларды жүргізудің қарапайымдылығы, қажетті ақпаратты алу шапшаңдығы, географиялық тәуелсіздік пен жоғары технологияларды ашады. Электрондық төлем жүйесін қолдану арқылы Интернет жүйесі көмегімен қолма- қол ақшасыз есептесуді жетілдірудің қаржының айналмалылығын жеделдетуге, айналыстағы қолма- қол ақшаны қысқартуға және айналым шығындарын азайтуға тигізер экономикалық маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Сейіткасымов Ғ.С. Ақша.Несие.Банктер: оқулық..-Алматы: Экономика, 2001-211б.
2. ҚР Ұлттық банкінің стат.бюллетені, № 10,11 2006 ж.
3. www.mybank.kz

ОРГАНИЗАЦИОННО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ИНТЕГРАЦИИ В АПК

Деревяга П.И., кандидат экономических наук, доцент
Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, г. Астана

Развитие сельхозпроизводства было связано с определением роли государства в поддержке отрасли. Эффективное выполнение мероприятий по реализации принятых программ подтверждают экономические показатели: в прошлом году объем валовой продукции сельского хозяйства составил 853,3 миллиарда тенге, что в 1,5 раза больше, чем четыре года назад. Доля АПК в ВВП почти достигла шести процентов. Доходы сельского населения возросли почти на четверть, численность всех видов скота – в среднем на 5-7 процентов. В прошлом году хлеборобы собрали высокий урожай зерна – 16,5 миллиона тонн.

В этом году после реализации прошлогоднего хлеба, возможно, и наступит некоторое оживление на селе. Однако имеющийся потенциал реализован далеко не полностью. Например, в Щучинском районе Акмолинской области 14 тысяч гектаров брошенных земель. А 59 крестьянских хозяйств вообще не сеяли в 2007 году. Такое положение - результат отсутствия денег, семян, ГСМ, техники, удобрений, а самое главное - желания заниматься этим. Но для этого нужен стартовый капитал. Инвесторов сегодня много, но они требуют с крестьянка качестве залога коттедж в Астане или Алматы и неподъемные для сельского хозяйства проценты. Поэтому первый инвестиционный толчок должно дать государство.

Для внедрения прогрессивных методик нужны новые подходы. Для этого просто необходимо дилерское обслуживание крестьянских и фермерских хозяйств. Постольку ни один земледелец сегодня сам не купит для своих 500 гектаров ни комбайн, ни сеялку. А ТОО, КП и прочие организации пока свои поля не обработают - к частнику не идут. Поэтому фермер никогда не укладывается ни в сроки посева, ни в сроки уборки. Следовательно, и не берется хозяйствовать..

Нужно, чтобы производственные коллективы, товарищества с ограниченной ответственностью объединяли фермерские хозяйства, о чем говорит Нурсултан Назарбаев и министр сельского хозяйства.

Крестьянам для того, чтобы нормально жить, нужно совместно работать. Координатором, конечно, должно быть Министерство сельского хозяйства. А финансы - тридцать корпоративных лидеров. Пусть каждый из тридцати флагманов нашей промышленности возьмет себе один район - и то дело с мертвой точки сдвинется.

Сегодня крестьяне продают молоко оптом по 15-20 тенге, а крупные перерабатывающие предприятия реализуют его горожанам почти в 10 раз дороже. В Целом ряде населенных пунктов нет света. И это притом, что в Костанайской и Алматинской областях созданы молочные кластеры. Из-за неадекватной оценки сейчас у большинства сельчан нет стимула и перспектив работать в сельском хозяйстве. Общая численность сельчан в Казахстане составляет порядка 6,5 млн. человек, или около 42 процентов всего населения страны. Однако трудоспособного населения на селе лишь половина, или 3,2 млн человек, из которых числятся занятыми в сельском хозяйстве только 1,8 млн., хотя их и того значительно меньше. К тому же их труд менее производителен по отношению к аналогичным категориям работников в зарубежных странах. Большинство из них ведут натуральное хозяйство, и основной доход сельчане имеют с подворий.

На сегодняшний день наиболее эффективной формой организации сельхозпроизводства по-прежнему являются крестьянские хозяйства. Они и право на пользование землей имеют и не утратили прав на реализацию продукции. Но и здесь не все гладко. Крестьянским хозяйствам приходится сбывать зерно на условиях, выдвигаемых собственника элеваторов. Применение производительной техники для хозяйств, в распоряжении которых имеется 250-300 гектаров пашни, не приносит желаемого эффекта. То есть, для рентабельного производства необходимо иметь тысячи гектаров сельхозугодий.

Анализ товарной группы поставляемой предприятиями АПК как продовольственные товары свидетельствует о том, что его структура далека от совершенства. Причем, около 30 процентов продовольственных товаров ввозится из других стран, в то время как на селе проживает около 40% трудовых ресурсов. Сельхозпроизводители в основном стремятся выращивать зерновые культуры, так как только зерно является конкурентоспособным на внешнем рынке среди других продовольственных товаров, произведенных в АПК страны.

Разрушенная система сельскохозяйственного производства и инфраструктура АПК привела к созданию многочисленных посреднических образований, снижающих эффективность и конкурентоспособность производителей сельскохозяйственного сырья и, в частности, производителей зерна. Меры государственной поддержки сельхозпроизводителей, во многом, не учитывают системного характера АПК и его взаимосвязей с другими отраслями народного хозяйства, приводят к противоречивым результатам, являются недостаточными и малоэффективными.

Одним из направлений преодоления указанных проблем и вывода отечественного АПК на конкурентную основу предполагает создание устойчивых интегрированных структур, развитие которых позволит на рыночной основе, по-новому структурировать взаимоотношения специализированных производств, усилить связи, устранить лишние звенья, повысить эффективность. Рассматривая интеграцию в качестве приоритетного направления стратегического развития сельскохозяйственного производства в экономике РК, тем не менее, следует признать наличие проблем, препятствующих ее широкому распространению. В их общем ряду одной из самых сложных является проблема определения структурно-функциональных параметров системного взаимодействия, обеспечивающих дополнительный эффект участникам интеграции по сравнению с автономной деятельностью. К числу широко применяемых инструментов и организации взаимодействия участников интеграции относятся механизмы трансфертных цен, которые позволяют выстраивать сбалансированные отношения между участниками (в случае вертикальной интеграции одни выступают в роли поставщиков, а другие – в роли потребителей) и обоснованно перераспределять системный результат. При этом, одной из основных проблем организации механизма трансфертных цен является определение его содержательных параметров, которые варьируются в зависимости от региона, отраслевой принадлежности, потенциала участников интеграции и являются предметом соглашения между конкретными поставщиками и потребителями.

В настоящее время сельское хозяйство производит около половины объема продукции АПК. При этом структура АПК РК далека от совершенства. В развитых странах в создании конечного продукта основная роль принадлежит третьей сфере АПК (например, в США на долю перерабатывающих и сбытовых отраслей приходится 73 % производимой продукции АПК, сельское хозяйство дает лишь 13 %). Плодоовощной подкомплекс относится к числу отраслей народного хозяйства, которым принадлежит важная роль в снабжении населения продуктами питания высокой биологической ценности.

В настоящее время для структуры питания населения характерно недостаточное потребление овощей и фруктов. Анализ перспектив развития АПК страны, включая производство сельскохозяйственного сырья, переработку, хранение, торговлю должен рассматриваться в тесном единстве с вопросами формирования продовольственного рынка и потреблением конкретных продуктов питания, их потребности для сбалансированного рациона питания.

Сложившаяся структура АПК не отвечает современным требованиям уровня техники и технологии по производству, переработке, хранению и упаковке продукции сельского хозяйства.

Это несоответствие заключается в следующем:

- в отсутствии достаточного количества мощностей по переработке сельхозпродукции;
- в низком качестве и большом износе оборудования перерабатывающих предприятий;
- в узкой номенклатуре и малой глубине переработки сельхозпродукции;
- в низком уровне или полном отсутствии упаковки и расфасовки сельскохозяйственной продукции и продукции, поступающей в розничную торговлю;
- в сформированных административными методами сырьевых зонах, перерабатывающих предприятиях и т.д.

Так, например, источниками поставок свежей плодоовощной продукции в Астану в разгар сезона в основном являются мелкие производители и, лишь в небольшой степени, крупные хозяйства. Снабжение осуществляется из южных регионов и непосредственно примыкающих к городу районов, являясь

приемлемым, как в качественном, так и количественном отношении, однако несколько ограниченным в ассортименте. Торговля осуществляется посредством торговых агентов (перекупщиков) рынков, напрямую мелкими производителями через неорганизованные торговые точки, частные рынки и магазины, большинство из которых торгуют широким ассортиментом продуктов и лишь небольшое число которых занимается специализированной торговлей плодоовощной продукцией. Розничные торговцы сами закупают продукцию у производителей и транспортируют ее в торговые точки, что является малоэффективным как для торговцев, так и для производителей и приводит к высоким транспортным расходам в связи с недостаточно эффективным использованием транспортных средств.

Торговля осуществляется посредством торговых агентов (перекупщиков) рынков, напрямую мелкими производителями через неорганизованные торговые точки, частные рынки и магазины, большинство из которых торгуют широким ассортиментом продуктов и лишь небольшое число которых занимается специализированной торговлей плодоовощной продукцией. Розничные торговцы сами закупают продукцию у производителей и транспортируют ее в торговые точки, что является малоэффективным как для торговцев, так и для производителей и приводит к высоким транспортным расходам в связи с недостаточно эффективным использованием транспортных средств. Снабжение вне сезона обеспечивается за счет складируемой продукции в сочетании с продукцией переработанной. Холодильники для хранения свежей продукции расположены в основном на оптовых базах, и лишь в небольшом объеме находятся непосредственно в хозяйствах. Часть из них не в состоянии обеспечить требуемую влажность воздуха, что приводит к высушиванию продукции. Навальные бункера являются наиболее распространенным видом тары, используемой для хранения продукции, а деревянные ящики на гвоздях – для развоза складируемых товаров.

Для сравнения, только лишь в Германии, стране, являющейся одним из лидеров по технологиям складирования и хранения продукции, производится и эффективно используется около 105 млн. штук поддонов из дерева и пластика различных типов. В настоящее время крупными производителями уже применяются поддоны многоразового использования (возвратная тара), позволяющие значительно сократить логистические затраты.

В развитых странах эту функцию в значительной степени реализуют международные и региональные логистические центры.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСІН МАМАНДАНДЫРУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дюсегалиев М.Ж., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
Адиетова Э. М., аға оқытушы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Республиканың экономикалық жаңартуларын жақсарту мен тереңдетудің негізгі жолдарының бірі – республика халқының әртүрлі тағам өнімдеріне қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті нарық жағдайындағы мамандандырылған кәсіпорынды басқару. Халықты ғылыми негізделген нарықтық мамандандырылу негізінде сенімді қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының аграрлық саясатының стратегиялық бағыттарының бірі.

Нарық жағдайында республиканың ауыл шаруашылық өндірісін мамандандыру реформаға дейінгі ауылшаруашылық кәсіпорындарының мамандануынан ерекшелігі бар, өйткені олардың көздеген мақсаттарына түрлі жолдармен қол жеткізіледі. Нарыққа дейінгі кәсіпорын мамандандырылған кезде алдына қойған мақсатына біртектес өнімдер өндірісінің шоғырлану есебінен жетеді. Мамандандырылу деңгейін нарық анықтайды. Осы заманғы мамандандырылуға тән сипат - өндірісті интернационалдыру, яғни шаруашылық жүргізуші субъектілердің халықаралық мамандандырылуы мен кооперацияның өсуі. Мұнда нарықтық қатынастар жағдайындағы мамандандырылу еліміздің ауыл шаруашылығы үшін маңызды міндет болып табылады. Нарықты мамандануысыз елестету мүмкін емес, өйткені ол нарық белгілерінің табиғи байланыстылық қызметін атқарады.

Мамандану мен нарық өзара байланысты және өзара тәуелді. Нарық мамандандыруды дамыту үшін жалпыға ортақ шарт болып табылады да, аграрлық нарықты кеңейту үшін мамандандырудың дамуымен қолайлы жағдайлар құрылады. Бірақ бұл үшін ауылшаруашылық өндірісін ғылыми негізделген мамандандырылуды құру және жетілдіру талап етіледі. Бірақ, елімізде мамандандырудың жаңа формасын құру саласында зерттеулермен шұғылданатын ғылыми орталықтар жоқ. Әсіресе, ауылшаруашылық нарықтың әсерімен дамудың жаңа кезеңіне енуде. Ауылшаруашылығы өндірісін мамандандырудың болмауы өнімдердің үлкен мөлшерін шетелдерден әкелуге итермелейді, ал Қазақстанның табиғи – экономикалық жағдайы тамақ өнімдерінің бәріне де қолайлы.

Аграрлық нарықта ұзақ уақыт бойы сатып алушы ретінде мемлекеттің жағдайы қалыптасты. 1994 жылға дейін нарық мөлшерін мемлекеттік тапсырыс анықтап отырды. Мұның кесірінен кәсіпорынның дербестігі шектелді, бәсеке болмады. Мемлекет өнімнің кепілдікті өткізілуін қамтамасыз етті, сондықтан өндіруші мемлекеттік тапсырыс алуға мүдделі болды. Нарық жағдайында мемлекет тауар өндірушілердің өніміне мемлекеттік сұранысты әлсіретті, өйткені ол басқа сатып алушыларға қарағанда бағаны жоғары ұсына алмады.

Қазіргі кезде ауылшаруашылығын қалыптастыруда ауылшаруашылығы өндірісінің айқын мамандануы жоқ, тәжірибе көрсетіп отырғандай пайданың соңына түсушілік қана. Олардың басты

мақсаты – пайда табу. Мұнда нарықтан тәуелділікте, еркін бәсекеде орын алған.

Мемлекеттік аграрлық сектордағы негізгі міндеттердің бірі – нарықтық тетіктерді пайдалану, ауылшаруашылығы тауарларын өндірушілерді тұтынушылар талап ететін өнімдерді өндіруге мүдделі ету. Нарық жағдайында ауылшаруашылығы өндірісін орналастыру резервтері мен мамандануды пайдалану, оның тиімділігін өсіру үшін мамандандырудың негізгі түрлерін пайдалану қажет. Мұнда ауылшаруашылығы үшін мамандандырудың ең тиімді түрі мен әлеуметтік – экономикалық үлгінің қайсысы тиімді екенін анықтаған дұрыс.

ҚР Президентінің "Қазақстан - 2030" Жолдауы өндірісті мамандандыру мен орналастыруды тереңдету, елдің еңбек жағдайын тиімді пайдалану міндетін қойды. Сонымен қатар, Н.Ә. Назарбаевтың сөйлеген сөзінен - соңғы жылдары елімізде байқалып отырған жоғары экономикалық өсу қарқыны мен әлемдік нарықта Қазақстан өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін және соның есебінен еліміздің жаңа шектерге шығуын қамтамасыз ету мақсатымен елдің серпілісті, ғылыми-технологиялық жобаларға көшу қажеттілігіне шоғырландыруды көздейтінін байқаймыз.

Елімізде ауылшаруашылық секторын дамытумен қатар, оны көтеруге көмектесетін мына салаларды да арттыру қажет: минералдық тыңайтқыштар өндірісі, ауылшаруашылық машиналарды жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсібі және тағы басқалары.

Сонымен, Ф.Котлер: "Қажеттілікті іздеп табыңдар және оларды қанағаттандырыңдар, өндіргендеріңді сатуға тырысқаннан гөрі, сата алатындарыңды өндіріңдер"-деген. Яғни тұтынушысын бірден таба алатын сапалы өнім шығаруды көздейді. Нарықтық мамандану процесі сырткы нарыққа өткізудің жаңа түрлерін пайдалануды талап етеді, жетілдіре түсуді қажет етуде.

Әдебиеттер:

1. "Қазақстан - 2030" ҚР Президенті Жолдауы.
2. Сәбден О. "Бәсекелестік экономика" Алматы,2007 ж.
3. Ескараев Ө.Қ. "Қазақстан Республикасының нарығын мемлекеттік реттеу "Алматы,2007ж.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ЖАҢАРТУДА КЛАСТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Дүйсембаева К.Т.

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институт, Ақтөбе қаласы

Қазақстанның келешектегі экономикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі - отандық экономиканы жаңарту.

Мамандардың пікірінше, қазір Қазақстан экономикасының дамуы пайдалы қазба байлықтарын өндіріп, өңделмеген күйде шетелге сатуға негізделген салыстырмалы экономикалық артықшылық есебінен жүзеге асуда. Әлемдік тәжірибе бойынша, мұндай ахуал елдің тұрақты экономикалық дамуына бөгет қойып, Қазақстанның дүниежүзілік шикізат нарығындағы тауар бағасының ауытқуына тәуелділігін күшейтеді.

Ұлттық экономиканы жаңартуда мынадай бағыттардың маңызы зор:

- жалпы ішкі өнімнің құрылымын өзгерту;
- ғылымға негізделген, жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті өнімдерді өндірудің өсімін қамтамасыз ету;
- жоғары түпкілікті құны бар тауарлар мен қызметтер өндірудің жеке салмағының өсуін қамтамасыз ету.

Осы бағыттарды жүзеге асырудың түбінде экономикалық дамудың шарты ретінде ұлттық экономиканы кластерлеу идеясы жатыр.

«Кластер» түсінігі экономикада жаңа болып саналады. «CLASTER» (кластер) – ағылшын сөзі. Кластер деген термин белгілі бір мақсаттарды жүзеге асыру мен белгілі бір функцияларды орындау үшін жекелеген элементтердің біртұтас болып бірігуін көрсетеді.

Кластерлік даму жайлы пікір – таластар алғаш рет 1990 жылы американдық экономист М.Портердің «Ұлттың бәсекелік артықшылықтары» атты кітабында жазылған. Оның пікірі бойынша кластер – нақты бір салада қызмет ететін және өзара бір бірін толықтыратын географиялық көршілес орналасқан өзара байланысты компаниялар (жабдықтаушылар, өндірушілер және т.б.) және олармен байланысты ұйымдар (білім беру орындары, мемлекеттік басқару органдары, инфрақұрылымдық компаниялар) тобы.

М.Портер компьютер ғасырының белгісін білдіретін «кластер» ағни (пакет, шоғыр, бөлшек) деген түсінік енгізді. Электрондық есептеу машиналарында ақпарат жүйесі құрылатын сияқты экономикада да ойдағыдай бәсекелесуші фирмалар тобы салалық, ұлттық, әлемдік рыноктарда бәсекелестік жағдайын дамыта отырып, ұксас нұсқадағы құрамалар пайда болады. Бәсекелестік артықшылығы серпілісінің көрінісі ретінде кластер дүниеге келеді, қалыптасады, кеңейеді, тереңдейді, бірақ олардың сондай-ақ, тарылуы да, жіңішкеруі де, байланыстырылуы да, ыдырауы да мүмкін.

Кластерлік үлгі (модель) - қазіргі заманда экономиканы дамытуға, әсіресе оны инновациялық негізде дамытуға қолданып отырған өте көптеген елдердің озық тәжірибесі. Кластер дегеніміз бәсекеге қабілетті өндірістің және оған байланысты салалардың жинтығын жасау және оларды бір-біріне сәйкес ұйлестіру әдісі. Осының арқасында көптеген салалар жинтығы бір бағытта, ортақ нысананы көздеп жұмыс істейді, сондықтан да ортақ істің жалпы экономикаға тиімділігі артады, жаңарту мүддесі күшейеді. Калифорниядағы: 1951 жылы құрылған «ғылыми парк» Силикон жазығы, Ұлыбританиядағы

Кэмбридж «ғылыми паркі», Жапонияның «Технополис» жобасы осы кластер үлгісімен көптеген салалардың басын қосып, жаңа технология мен техника жасаудың әлемдік деңгейдегі көбасшылары болып отыр.

Атақты ғалымдар Н.Д.Кондратьев және Й.Шумпетер өздерінің зерттеулерінде алғаш рет кластерлік үлгінің негіздерін қарастырды.

Н.Д.Кондратьев ұзақтығы шамамен 48-55 жылға созылатын циклдік ауытқулардың барлығын көрсетті. Н.Д.Кондратьев ұзын толқынды циклдер теориясын экономиканың дамуына ықпал жасайтын жаңа технологияның пайда болуымен байланыстырады. Н.Д.Кондратьев өзінің зерттеулерінде ғылыми-техникалық жаңалық салалардың жиынтығы түрінде пайда болып (немесе кластер түрінде), ол уақыт бойынша біркелкі таралмайтынын көрсетті.

Н.Д.Кондратьевтің теориясына сәйкес:

- I цикл XVIII ғ. 90 жылынан 1844-1857 жылдарға дейін;
- II цикл 1844-1851 жылдардан 1890-1896 жылдарға дейін;
- III цикл 1890-1896 жылдардан 1914-1920 жылдарға (жоғары толқын) дейін.

Н.Д.Кондратьевтің концепциясын қолдана отырып экономистер мынандай циклдерді атап көрсетеді.

Бірінші индустриялық циклде өндірістік үрдістер судың энергиясын пайдаланумен сипатталады, сәйтіп ол металлургия және тоқыма сияқты салалардың пайда болуына ықпалын тигізді.

Екінші индустриялық цикл кезінде бу двигательдерінің пайда болуына байланысты тоқыма және металлургия салаларын (болат құю өнеркәсібі) әрі қарай дамыта отырып, теміржол көлігі саласының пайда болуы арқылы сол уақыттағы экономиканың инфрақұрылымын түбірімен өзгертті.

Үшінші индустриялық циклге электр және химия энергиясын пайдалануға байланысты жаңалықтарды, ішкі жану двигателін ойлап табуды жатқызуға болады. Осы кезде химия өнеркәсібі мен автокөлікті дамыту салаларының қалыптасуы басталды.

Экономиканың циклдік дамуында мына жаңалықтардың маңызы зор болды. Олар: динамикалық-машина (В.Сименс – Германия, 1867ж.), генератор (Т.Эдисон – АҚШ,1883ж.), қашықтыққа электрэнергиясын жеткізетін трансформаторлар, агрегаттарды айналдыратын электрмоторлары, трамвай (В.Сименс, 1879ж.), электр лампасы (П.И.Яблочков – Ресей, 1876 ж.), Т.Эдисон – АҚШ, 1886ж.), электр пеші (1877ж), металдарды электрлік балқыту әдісі (1887ж.), жаңа пар двигателі – турбина (Г.Парсонс, 1884ж.), алғашқы гидроэлектрстанциясы (АҚШ-та Ниагара өзенінде, 1898 ж.), мұнай газының жануынан алынатын энергия арқылы жұмыс істейтін двигательдер (Р.Дизель – Германия, 1893ж.), және бензин (Н.Отто – Германия, 1877ж.), алғашқы автомобиль (Г.Форд, 1892 ж.), болат өндірісінің жаңа әдістері (А. Бессемер – Англия, П.Мартен - Франция).

Н.Д.Кондратьевтің идеяларын Й.Шумпетер жалғастырды. Шумпетер капитализмді инновацияның үздіксіз бірін-бірі алмастыратын толқындарының эволюциялық даму процесі деп пайымдайды.

Й.Шумпетердің пайымдауы бойынша экономикалық дамудың қозғаушы күші экономиканың өзінде туындайтын құрылымдық өзгерістердің циклдік процесі ретінде кәсіпкердің инновациялық іс-әрекеті болып табылады. Осы концепцияға сәйкес кәсіпкердің әрекет нәтижесі еңбектің материалдық мазмұнының, формасының және жолдарының өзгеруіне алып келеді. Осы жағдай экономикада құрылымдық өзгерістерге көшуге алып келетін жаңа технологиялық сипатты туындатады. Ал технологиялық прогресс экономикаға жаңа салалардың пайда болуына алып келетін кластерді құрайтын жаңалықты енгізеді.

Оның ойынша нарықтық жүйенің табыстары статистикалық оптимальды тепе-теңдікке қол жеткізу арқылы емес, технологияларда динамикалық өзгерістерді туындату мен осы өзгерістер арқылы динамикалық өсуді қамтамасыз ету икемділіктерімен айқындалады. Й.Шумпетер экономикадағы динамикалық өзгерістердің мына жағдайларын атап көрсетті:

- жаңа сапалы игілік құру;
- өнеркәсіптің саласында жаңа өндіріс тәсілін (әдісін) енгізу;
- жаңа өткізу рыногін игеру;
- шикізаттар мен жартылай дайын өнімдердің жаңа көздерін табу;
- өндірісті жаңа техникамен және жаңа технологиялық процесстермен қамтамасыз ету, яғни жаңа өндірістік құрамдастыруды жүзеге асыру. Осының негізінде Й.Шумпетер инновацияны өндірістік жүйенің жаңа сапалық деңгейге көшуі деп пайымдайды.

Й. Шумпетер кәсіпкерлерді өз қызметтерінде жаңа құрамдастыруларды жүзеге асыратын және оның белсенді элементі ретінде әрекет ететін шаруашылық субъектілері ретінде қарастырады. Шумпетер кез келген тұлға жаңа құрамдастыруды жүзеге асырса ғана кәсіпкер бола алады деген пікірді ұстанды.

Й.Шумпетер кәсіпкерлік қызметтің үш мақсатты белгісін атап көрсетеді:

Бұл алдымен, өз әулетіне арнап өзінің жеке мемлекетін құруға бар арманын, қажырлы іс-әрекетін бағыттау. Бұл жағдай кәсіпкерге белгілі бір деңгейге қатысты билік сезімін береді, ол басқаруға, өзін-өзі өткеруге қажеттілігін жүзеге асырады. Шумпетер кәсіпкердің осы мотивін «толық үстемшілік жасауға алғашқы қадам басу» деп қарастырады.

Мотивтердің екінші тобы - өз-өзімен және бәсекелестерімен күресте қол жеткізген жетістікке (табысқа) ұмтылу, жеңіске жетуге ұмтылыс. Мотивтердің үшінші тобы - шығармашылықпен байланысты, осы тұлғаның өзінің шығармашылық іс-әрекетінен алатын қуанышы. Бұл сезім өзінен өзі де, тіпті жұмыс арқылы да көрінуі мүмкін деп пайымдайды.

Ғалым Ә.Қ. Қаңтарбаева: «Шумпетер инновация ұғымына техникалық жаңа енгізулермен қатар ұйымдастыру, басқару мен маркетинг инновацияларын, жаңа рыноктарды, шикізаттар мен жартылай дайын өнімдердің жаңа көздерін, қаржы жаңалықтарын енгізеді. Шумпетер жаңа ілімнің инновацияға айналуы тек қана дарынды ой-өрісті, іскерлік күш-қайраты мол кәсіпкерлердің аз ғана тобының іс-әрекетінің нәтижесі ретінде туындайды деген постулатты (дәлелсіз, айғақсыз қабылданатын алғашқы қағиданы) ұсынады. Шумпетердің экономикалық ойлары - экономикалық теория ғылымының

жолындағы революциялық жетістік» деп пайымдайды.

Ғалым А.Р.Каренов қазіргі экономикалық өсу экономикада қолданылатын, бірін бірі қолдайтын технологиялар эволюциясы негізінде туындайды деп пайымдайды. Ол барлық салалардағы технологиялық жаңалыққа қатысты құбылыстарды үш процесске бөліп қарастырады:

- технологиялық жаңалықтардың еңбек затына таралуы, оның нәтижесінде еңбек затына әсер ететін функциялардың техникаға берілуі, еңбек затын өзгертетін машиналар пайда болуы;
- энергетикалық жаңалықтардың таралуы, оның нәтижесінде технологияларды энергиямен қамтамасыз ету функцияларының техникаға берілуі, индустрияландыру мүмкіндігі және энергияны өзгертетін машиналар пайда болуы;
- жаңалықтардың процесстерді басқаруға таралуы, оның негізінде басқару функциясы техникаға берілуі, индустриялды дамудан постиндустриалды дамуға өту, басқарудың автоматты жүйесі қолданылуы.

Технологиялар эволюциясы өндірісті ұйымдастыру нышандарының эволюциясымен, басқару әдістері мен экономиканың салалық құрылымының эволюцияларымен тығыз байланысты болады. Осының негізінде ресурстар ауыл шаруашылығы саласынан кен өндіру өнеркәсібіне, одан кейін өңдеу өнеркәсібіне, қазіргі кезеңде қызмет көрсету аясына ауысты.

Кластерлердің пайда болу себептері ұлттық артықшылықтармен тікелей байланысты және олардың жүйелік сипатының көрінісі болып табылады. Бір бәсекеге қабілетті сала өзара нығайтушы қатынастар процесінде екінші салалық бәсекеге қабілеттілігін жасауға көмектеседі. Мұндай сала көбінесе өзі тауарлар мен қызметтің аса талапшыл сатып алушы болып келеді. Ондай саланың елде бар болуы жабдықтаушы саланың бәсекеге қабілеттілігінің өсуін анықтаушы маңызды факторлар болып табылады. Бәсекеге қабілетті жабдықтаушылар да елде бәсекеге қабілетті тұтынушы салалардың дамуына мүмкіндік туғызады. Олар екіншілерін технологиялармен қамтамасыз етеді, ортақ өндірістік факторлардың дамуын ынталандырады, жаңа өндірушілерді туындатады. Кластер қалыптасқан кезде оның құрамындағы барлық өндірістер бір-біріне өзара қолдау көрсете бастайды. Тиімділік және пайда байланыстың барлық бағыттары бойынша тарайды. Бір саладағы белсенді бәсекелестік кластердің басқа салаларына тарайды, соның арқасында қосылған құн тізбесін өсіре түседі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауында «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» индустрияны дамытуға кластерлік тұрғыдан келудің маңызын ерекше атап өтті.

Қазақстанның кластерлік стратегиясының негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- Қазақстан экономикасын әртараптандыру (диверсификация);
- өндіріс тиімділігін арттыру;
- отандық өнімнің бәсеке қабілетін арттыру;
- Қазақстан экономикасының мұнай-газ секторына тәуелділігін азайту.

Ұлттық экономиканың 150 саласына талдау жасағанда нарық тартымдылығы, сұраныс, ұсыныс және даму болашағына қарай кластерлеудің жеті басымды бағыттары анықталған: құрылыс материалдарын өндіруші сала, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі, инвестициялық банк қызметтері, жүк тасымалдау, тау-кен металлургия кешені және туризм кластерлері. Осы кластерлер экономикалық өсудің қысқа және орта болашақтағы «локомотивтері», экономиканың шикізаттық ұйытқысы болса, екіншісі шикізаттық емес сектордың негізі, отандық экономиканы диверсификациялау мен жаңартудың маңызды құралы болмақ. Ұсынылып отырған кластерлеудің бағыттары экспортқа бағдарланған. Мұның өзі нарықтың кеңеюіне, алдыңғы қатарлы технологиялардың енгізілуіне, өндірілген өнім мен қызметтердің әлемдік стандартқа лайық болуына және түпкілікті түрде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша Атырау облысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын, Маңғыстау облысында «Мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын, Оңтүстік Қазақстан облысында арнайы экономикалық аймағын және «Тоқыма өнеркәсібі» пилоттық кластерін, Қарағанды облысында «Металлургия» және Батыс Қазақстан облысында «Мұнай-газ машиналарын жасау» пилоттық кластерлерін, Алматы қаласында және Алматы облысында «Туризм» пилоттық кластерін жасау әзірленуде.

Кластер ерекше экономикалық жүйе ретінде салалық және сала ішіндегі өзара байланыстарды қалыптастырады.

Кластерлік дамуда мына факторлардың маңызы зор:

1) елде жағымды инвестициялық климатты қалыптастыру;
2) жетілген бәсекелестік;
3) бірыңғай ақпараттық кеңістік құру.

Қазақстан экономикасында әр сала бір-бірімен тығыз байланысы болмай, жеке-жеке түрде дамыған. Қазақстан аймақтарының бір-бірімен экономикалық байланысы тығыз емес, ал енді жеке аймақты алсақ, олардың кәсіпорындары, ғылым-білім беретін орындары, басқа да салалары бір-біріне үйлесіп дамымаған. Сондықтан да аймақтардың инновациялық қабілеті төмен. Кластерлік үлгі әрбір аймақтың экономикасын үйлестіруде маңызы зор болмақ.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінде келесідей кластерлерді дамытудың маңызы үлкен: астық өңдеу, сүт өңдеу, ет өңдеу кластерлері. Агроөнеркәсіп кешенінің құрамдас бөлігі болып саналатын тоқыма өнеркәсібінде мақтаны өңдейтін және жүнді өңдейтін кластерлер өркендеуі мүмкін. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешені шеңберінде тігін бұйымдарының кластері және тері мен аяқ киім өндіру жөніндегі кластер құрудың мүмкіндігін қарастыруға болады.

Мұнай және газ өңдеу, мұнай-химия өнеркәсібін дамыту бәсекеге қабілетті экономика қалыптастырудың негұрлым болашағы зор жол болып қарастырылып отыр. Бұл саладағы қазіргі бар өндірістердің тұрақты жұмысын қалпына келтіру мен технологиялық жағынан жоғары сапалы өнімдер

шығаруға (отынның алуан түрін, полимер материалдар, пластмасса және т.б.) мүмкіндік беретін жаңа зауыттар салуға және сыртқы рынокты бәсекеге қабілетті өнімдермен қамтамасыз етуге қабілетті экономикалық тетік болып табылады.

Осы тұрғыда кластерлік бастаманы жүзеге асыру арқылы Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларын көтеріп, олардың халықаралық нарықтағы бәсекеде жеңіп шығу қабілетін арттыру маңызды болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында». Астана, 2005 жылғы 18 ақпан.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында», Астана, 2006 жылғы 1 наурыз.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 наурыздағы № 80 жарлығы.
4. Айтжанова Д., Дүйсен Ү. Қазақстандағы кластерлік сызбалардың даму факторлары мен мүмкіндіктері. Ж. Саясат. № 9, 2006.
5. Й. Шумпетер. Экономикалық даму теориясы. Экономика. Әлемдік классика. Т.3. «Таймас» баспа үйі, Алматы, 2005.
6. Қаңтарбаева А.К. Предпринимательство: институционально- эволюционный подход. Алматы, Раритет 2000.
7. Каренов А.Р. Теоретические аспекты экономического развития и эволюции технологий. Материалы Международной научно-практической конференции «Основные направления и механизмы реализации Стратегии устойчивого развития национальной экономики», 2007.
8. Утебаева Ж. Особенности кластеров в сфере производства молочных продуктов. Ж. Саясат. № 5, 2006.
9. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. Алматы. 1998.

ПЕРСПЕКТИВЫ IPO НА КАЗАХСТАНСКОМ РЫНКЕ

Есбергенова Б.М., соискатель
Университет «ТУРАН», г. Алматы

Размещение акций на фондовой бирже является одним из альтернативных инструментов финансирования для дальнейшего развития компании. IPO или «Initial Public Offering» переводится как первичное открытое размещение акций. Первичность размещения подразумевает, что на открытом рынке акции компании ранее не обращались и для успешной ее продажи компания должна быть готова раскрыть информацию о себе всем потенциальным инвесторам. При проведении IPO не всегда используются акции. Многие компании, выходя на международные финансовые рынки, предпочитают использовать выпуск депозитарных расписок, количество которых пропорционально количеству акций (например, 1 акция равна 20 депозитарным распискам).

Придание компании публичности укрепляет ее репутацию. Компании, получившие публичный статус, в дальнейшем могут рассчитывать на благоприятные условия при кредитовании или заимствовании денег на фондовом рынке. Это дает ей ряд преимуществ, в то же время налагает и существенные обязательства. Если мы обратимся к содержанию проспектов эмиссий акций, которые публикуются западными компаниями при проведении IPO, то наглядно увидим предоставляемый уровень открытости информации. В эмиссионных проспектах предоставляется информация следующего характера: предполагаемое использование средств, полученных от размещения акций, перспективные направления развития бизнеса, изменения прибыли компании, объем продаж, себестоимость продаж, размер валовой прибыли, размер чистой прибыли, данные о сегментах обслуживаемого рынка, информация обо всех акционерах, внутренняя структура компании, информация о размерах вознаграждения ведущим менеджерам, выплат компенсаций и вознаграждений руководящего персонала, перечень основных клиентов и поставщиков, о сделках с аффилированными лицами и организациями, сведения о получаемых займах и кредитах, информация о конкурентах. [1]

Преимущества и перспективы которое получает компания при проведении IPO:

- Улучшение текущего финансового состояния компании;
- Увеличение собственного капитала предприятия;
- Получение инструмента оценки текущей рыночной стоимости компании.
- Возможность использовать акции как залог для получения займа.
- Повышение престижности и рост возможностей по продвижению бизнеса. Компания, чьи акции котируются на бирже, становится более узнаваемой, что способствует росту числа потенциальных партнеров и клиентов.
- Проведение обязательного дополнительного активного маркетинга в масштабах страны (PR-реклама)
- Возможность привлечь и удержать высококвалифицированный персонал, в первую очередь ключевых менеджеров, за счет выплаты бонусов в форме опционов на покупку акции компании.

Основными недостатками IPO являются:

- «Публичность» компании и связанные с нею требования по проспекту эмиссии, т.е. тщательно оберегаемая и скрываемая ранее информация становится доступной неопределенно широкому кругу лиц, среди которых есть и конкуренты, и клиенты, и сотрудники фирмы, и недоброжелатели.

• угроза потери контрольного пакета акции.

при необходимости практическую защиту имущественных и личностных интересов семьи (приоритет частнособственнических интересов над родовыми); «аип» – форма правового возмещения морального, физического и материального ущерба; «куначество» – основа безопасности личности вне зоны влияния защитных функций рода; «торговый друг» – правовая сторона инфраструктуры внекорпоративной торговли; «ж/ярлыки» - указы и приказы нормативного характера временного и постоянного действия от общемонгольского кагана или суверенного улусного хана; «кун» - материальное возмещение пострадавшей стороне за причиненый физический и имущественный ущерб, размеры которого определяются на основе традиционного права судебным решением; «карымта» - помощь, оказываемая родственникам, в виде выделения скота или денег при проведении свадьбы или поминального аса. Карымта возвращается в виде меньших ответных подарков, в знак благодарности за помощь, из памятных вещей покойного, по своей сути, патронимическая правовая традиция. При этом, по мнению Г.С.Сапаргалиева, у тюрко-монгольских этносов в этот период отсутствовало понятие преступления, которое заменялось другим понятием - «плохой поступок» [устная консультация с проф. Г.С.Сапаргалиевым], примерно этой же позиции придерживается другой историк права С.У.Озбекулы. По его мнению, в обычном праве номадов слова означающие «виновность» заменяли «…определениями «бес вселился», «злой дух околдовал», «бог проклял»» [9, с.129]. В нормах права не зафиксированы моменты, связанные с *объективным вменением*, отдельные случай известные из истории носят явно привнесённый характер.

Координальное отличие тюрко-монгольского права от современных правовых систем составляет то, что не юридические нормы определяли правовое положение человека, а статус человека, определенный его местом в малой и большой патронимии, в системе отношений собственности (по количеству обладаемого скота) и через неё в системе правовых и социальных отношений. При этом необходимо помнить, что патронимия всего лишь система социальной ориентации, инструмент права, и никогда не носила юридический нормативный характер. Патронимия не охранялась нормами обычного права или ярлыками каганов и ханов, она существовала как общественное явление, влияя, одинаково своей феномологией на институты общества и институты государства. Напомним, что на статус человека в номадном обществе наряду с патронимией влияли такие факторы как количество скота в семейном хозяйстве, многочисленность и влиятельность родственников, принадлежность к аристократическому сословию, социальной группе жрецов или к семье наследственных нойонов, бахадуров и т.д.

В системе номадной экономики воспроизводство человека могло происходить в основном в рамках натурального хозяйства, что в свою очередь диктовало замкнутость, корпоративность основных социальных отношений внутри данного социума. Данный принцип сохранялся, как правовая, идеологическая обусловленность, и в период империи, когда общинно-родовые подразделения столкнулись со средой товарно-денежных отношений, устойчивого притока дани и военных трофеев, а каганы решали вопросы торговой реализации этих и других товаров. Но даже в этих условиях основные производственные процессы продолжали проистекать только внутри общины, натуральное скотоводческое хозяйство не размывалось новыми отношениями, а это консервировало корпоративные основы правовых, общественных, производственных отношений золотоордынского общества.

Литература:

1.Мачин И.Ф. «Историческая типология права?» Культурологический аспект. // Правовые культуры: история, эволюция, тенденции развития. М.: РУДН, 2003 г. С. 63-73
2. Там же
3. Бержель Ж-Л. Общая теория права. М. Нота Бене, 2000г. 575 с.
4. Кистяковский Б.А.Философия и социология права. СПб: РХГУ, 1999г. 47-2
5. Мачин И.Ф. Указ. раб.
6. Трепавлов В.В. Государственный строй монгольской империи. М.: Наука. 1993
7. Мальцев Г.В. Пять лекций о происхождении и ранних формах права и государства. М.: РАГС, 2000.-190 с.
8. Исаев И.А. История государства и права России. М. 1993 г.
9. Узбекулы С. Право кочевой цивилизации казахов. Алма-Ата: Мектеп, 2002 г. 224 с. ISBN 9965-16-205

УДК 94 (574) «19»

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ ЖӘНЕ ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ

Жүрсінбаев Б.Ә. , тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университетінің

XIX ғасырдағы Ресей империясының қазақ даласын түпкілікті басып алып, жергілікті халықты өз иелігіне алуға ұмтылуы Қоқан хандығының қарсылығын туғызды. Өйткені, бұл кезде қазақтар мен қырғыздар Қоқан хандығының ықпалында болып, орыстармен күресте қоқандықтардың саяси одақтасына айналды. Сондай-ақ, Қоқан хандығындағы халықтарымен бірге қазақтар мен қырғыздарды ортақ дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр және тілдері жақын болып, оларды туысқандық қатынастар байланыстырды. Қазақтары мен қырғыздардың көптеген игі жақсылары мен рубасшылары Қоқан хандығының жоғарғы лауазымдықтарында қызмет атқарып, мемлекеттің саяси өміріне етене араласып отырды. Жалпы алғанда қазақтар мен қырғыздар Қоқан хандығының саяси қоғамында ерекше рөл атқарған. Бұл хандықтың құрылуының өзі қазақтар мен қырғыздардың тікелей атсалысуының нәтижесінде жүзеге асқан. Атап

көрсететін болсақ, XVIII ғасырдың бас кезінде көрші жатқан Жоңғар хандығының қазақ даласына жасаған жойқын шабуылдарының салдарынан Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары Сырдариядан өтіп, Ходжент, Самаркандқа көшсе, Кіші жүз қазақтары бұл кезде Хиуа мен Бұхараға өтіп кетеді. Қазақтармен бірге Жетісуды мекендеген қырғыздар да Ферғана, Андижан алқаптарына қарай ығысады. Осындай қиын-қыстау уақыттарда отырықшы халықтар мекендеген аудандарға көшіп барған қазақтар жергілікті халықтармен біріге отырып, жоңғарларға қарсы төтеп беру үшін басым көпшілігі қазақтар болып табылатын мұсылмандардың конфедерациялық мемлекетін құрады.

Т.К.Бейсембаев «Тарих-и Шахруки» тарихи дерек ретінде» деген еңбегінде былай деп көрсетеді: «Жоңғарлардың Сырдарияның маңындағы қазақтардың қалаларына шабуылы және Тянь-Шаньнің солтүстік бөлігіне бақылау орнатуы XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бас кезінде қазақтар мен қырғыздардың көптеген руларының Ферғанаға қоныс аударуына себепші болып, осы жерде жаңадан көшпенділердің ірі этносының пайда болуына алып келді. 1741-1745 жылдары жоңғарлар Ферғанаға бірнеше рет басып кіреді, бірақ отырықшы халықтар мен көшпенділер бірігіп, табанды түрде қарсылық көрсеткеннен кейін, олар кейін шегінуге мәжбүр болады. XVIII ғасырда Ферғанаға әртүрлі себептермен көшпенділер мен отырықшы халықтар ағыла бастайды. Яғни, Ферғанаға Шығыс Түркістанды қытайлықтар жаулап алғаннан кейін, ол жақтан 9 мың жаңұя келсе, жоңғарлардан ығысып қырғыздар, қарақалпақтар және қазақ қыпшақтары келеді. Қыпшақтар қазақтардың Орта жүз сұлтаны Барақтың баласы Шығайды хан етіп жариялайды. 1748 жылы Шығай хан Наманган қаласын иеленеді. Сонымен Ферғанаға әртүрлі этникалық топтардың жаппай ағылып, біртұтас ортаазиялық отырықшы-көшпенді мәдени дәстүрлердің қалыптасуы, Бұхара және Самарқанд сияқты мемлекеттерден көп уақытқа дейін оқшауланууы, жоңғар хандығы мен Қытай империясы сияқты мемлекеттерден үнемі қауіп-қатер төніп тұруы, Ферғанадағы ішкі күштердің нығаюына алып келіп, тәуелсіз мемлекеттің негізі қаланады» [1]. Қоқан хандығының негізін қалаған Орта Азия және қазақ халықтары екенін В.Наливкин де өз еңбегінде анықтай түседі: «1758 жылы Қытайдың Қашқарды басып алғанымен билігі тұрақсыз болады. Қытайлықтар бұл жерге қайта-қайта келіп, Қашқардағы өзбек мұсылмандарын соққының астына алғандықтан, олардың он мыңдаған жанұялары Ферғана, Андижан және Қоқанға өтіп кетеді. Бұл жаққа Қаратегін, Гиссар және Бұхарадан тәжіктер, Ұратөбе мен Бұхарадан өзбектер және толассыз соғыстан жұрдай болған Түркістан маңындағы түріктер (қазақтар - Ж.Б.) ағылып келді» [2]. XVIII ғасырда Ферғанаға жер ауып келген халықтардың басым көпшілігі қазақтар болып табылды. Олар Қоқан хандығының негізін құрап, Шағанақ көлі мен Ташкенттің аралығындағы таулы аудандарды мекендеді. Қоқан хандығының атты әскерінің дені қазақтар мен қырғыздардан тұрды [3]. Бұл деректі В.Наливкин де растайды. Оның "Қоқан хандығының қысқа тарихы» деген еңбегінде былай делінген: «Осы уақытта Қоқан хандығының таулы жерлерінде бірыңғай қырғыздарды (қазақтар-Ж.Б.) кездестіреміз... Қырғыздар деп орыстар атаған. Оған негізінен қырғыз рулары емес, найман, құрама сияқты қазақ рулары кірген» [4]. Қоқан хандығындағы қазақтар үш жүздің рулары: арғын, найман, қыпшақ, үйсін, керей және тағы басқа қазақтың руларынан құралған. Олар бұл жаққа Тәуекел, Есім хандардың Ферғана, Самарқанд және Ходжент сияқты Орта Азия қалаларына шабуыл жасаған кезден бастап-ақ қоныстана бастаған. Кейін қазақ даласына жоңғарлардың шапқыншылығы күшейген кезде қазақ руларының Ферғанаға көшуі жаппай үрдіс алған. Ферғанаға қоныстанған қазақтар Қоқан хандығында қаһарлы күшке айналған. «Қоқан өзбегі, - деп жазды кезінде Қоқан хандығына саяхаттап барған А.Вамбери, - өте бейшара тұлға. Егер де қазақтар болмаса, онда бұл өлкені Қытай, Ресей немесе Бұхара бұрыннан-ақ басып алған болар еді» [5]. Әсіресе, қазақ руларының ішінде қыпшақ рулары жауынгер, ұйымдасуы жағынан мықты болған. Олар Қоқан хандығының саяси ісіне белсенді түрде араласып, хандарды қалауы бойынша өздері сайлап немесе ықпалдарына көнбегендерді тақтан тайдырып отырған. Қыпшақтар хандарды қазақтардың дәстүрі бойынша ақ киізге көтеріп сайлаған. А.Вамбери мұндай дәстүрді басқа Орта Азия мемлекеттерінде көрмегенін, тек венгерлердің мадьярларында ғана осындай дәстүр болғанын жазады [6]. Әрине, шетел саяхатшысының Орта Азияға келген уақытында орыстар қазақ хандығын жойып жібергендіктен, тек мадьярлар ғана емес, сондай-ақ аталған дәстүрмен қазақтар өз хандарын сайлайтынын ол көрген жоқ еді. Ал қыпшақтар болса бұл дәстүрді басқа да қазақ руларымен бірге Қоқан хандығына енгізеді.

Жалпы алғанда қазақтың қыпшақ рулары XIX ғасырдың аяғына дейін өзбектерге сіңбей, қазақ халқының бір бөлшегі ретінде өмір сүрген. Мұны этнографтардың 1895 жылы шығарған «Этнографиялық шолу» атты еңбектері растайды. Онда: «Біздің ойымызша Вамберидің қыпшақтарды жеке халық ретінде көрсетуі үлкен қателік деп қарауымыз керек. Сондай-ақ, қыпшақтар қырғыздардың руларына да жатпайды. Оларды қазақ қыпшақтары деп атағанымыз жөн. XIX ғасырдың 70-жылдары Ферғана облысында қыпшақтардың 70107 адамы тұрған. Бұл уақытта қыпшақтар өздерін өзбек және қырғыздардың қатарына жатқызғанымен, әлі де болса оларға сіңісе қоймаған еді» [7]. Қыпшақтардың тайпа көсемдері Қоқан хандығының күшті әкімдеріне айналып, қыпшақтың Құлан, Өлмес, Елтан, Атан, Итқаска және тағы басқа негізгі руларын Мұсылманқұл, Атамқұл, Мырзат, Мұхамедияр, Міназар сияқты рубасшылар басқарған. Қазақ қыпшақтары хандықтағы жоғарғы лауазымдарға не болып, отырықшы ірі жер иелерімен билік үшін талас-тартысқа түсіп, көбінесе жеңіске жеткен. Әсіресе, қыпшақтар Шерәліні (1842-1845) таққа отырғызуымен биліктің бәрі Мұсылманқұлдың қолына жиналып, облыстардағы және орталық үкіметтегі билік орындарының бәріне қазақ қыпшақтарының ақсүйектері иеленеді. Атап айтқанда, Өтембай Марғұланды, Құрсідік Андижанды, Мырзат Наманганды, Нұрмұхаммед Ташкентті, Нұрбақшы Ходженттті, Кәрімқұл Астарханды, Құлбаба жарлықтардың жаршысы және тағы басқа [8]. Бірақ, 1845 жылы өзбектер Мұсылманқұлдың Қоқанда жоқтығын пайдаланып Шерәліні өлтіріп, Мұратты хан қояды. Қайтып келген Мұсылманқұл өзбектерді аяусыз қырып, Мұраттың көзін жояды да, Шерәлінің 13 жасар баласы Худиярды хан тағына отырғызып, өзі оның камқоршысы (регент) болып сайланады. Осы кезден бастап хандықтағы қазақтардың билігі шексіз болып, отырықшы сарттар мен өзбектерді аяусыз қанап, оларға ауыр салықтар салып, егістік жерлерін жаппай тартып алады. Бірақ

қазақтардың арасында билік үшін талас-тартыс басталып, отырықшы халықтың наразылығы күшейе түседі. Мұсылманқұлдың ықпалынан құтылғысы келген өзбек Хұдияр хан, осы жағдайларды тиімді пайдаланып, Мұсылманқұлды биліктен тайдырады да, оны 1853 жылы 600 нөкерімен дарға асады. Өзбектерге сүйенген Хұдияр хан қазақтарды мүлдем әлсіретуді көздеп, оларды қырып-жойып, балалары мен шал-әйелдеріне дейін аямайды [9]. Бұл қырғыннан аман қалған қазақтар Қоқан хандығындағы билікті тек 1863 жылы Әлімқұлдың кезінде қайтадан қолға алады. Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ сияқты қаны бір туысқан халықтардың жоңғар, Ресей, Қытай және Бұхараның жаулап алу саясатына қарсы өзара саяси одақ құрып, ортақ мемлекетке бірікті деуге толық негіз бар. Мемлекеттегі басты саяси рөлді қазақ рулары атқарды. Оның басты себебі қазақтар басқа халықтардан көп болып, рулық ұйымдық қызметі қырғыздар мен өзбектерге қарағанда күшті сақталды. Сонымен қатар қазақтар жоңғарлар мен орыстардан көп жапа шексе де, жауынгерлік рухы әлі төмен түспеген еді. Олар қазақ жерін азат етуде Қоқан хандығына үміт артты. Оған Тойшыбек бекінісінің басшысы Аққұлдың орыстарға жазған хаты дәлел бола алады. Хатта Аққұл Қоқан хандығында озгерістер болып, билік басына қыпшақтар келгенін, олар Абылай ханның бұрынғы қонысы болған Көкшетауға дейінгі жерлерді орыстардан азат ететіні туралы жазылған [10]. Сонымен қатар қазақ қыпшақтары Қоқан хандығын орыстар жойып жіберген Қазақ мемлекетінің мұрагері ретінде мойындады. Мәселен, 1825 жылы Ташкент құшбегі Қоқан ханы атынан Омбыға елшісі Сауытбек Сұлтанбековты аттандырып, оған Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған хатын тапсырады. Ол хатта мынадай пікір айтылған еді: «Қадім замандардан бері Ертіс дариясының бергі жақ бетін біз, ал арғы бетін Ресей иемденіп келе жатқан еді. Енді соңғы алған мәліметтерге қарағанда орыстар Ертістен бергі жаққа өтіп, біздің діндестеріміздің жерінде құрылыстар жүргізуде, осы жағдайға байланысты біздің ханымыз Сіздердің өкілетті адамдарыңызға осы хатты жолдай отырып, бұл құрылыстардың себебін сұрауды бұйырды...» [11].

Қоқан хандығы тарихи және географиялық жағынан Қазақстанның оңтүстігімен тығыз байланысты болған. XIX ғасырдың бас кезіне дейін Ұлы жүз қазақтары Ташкент иелігінде билік етті. Ташкент пен оның аймағы Ұлы жүз қазақтарының ысты, жаныс, сіргелі, ошақты руларының арасында бөлінді. Төле бидің баласы жаныс руынан шыққан Ниязбек Ташкент түбіндегі бекіністің негізін қалады. Жүнісқожа билігінің күшеюі Қоқанмен қақтығысуына әкеп соқты. Шайқас кезінде Ташкент әскерінде алауыздық орын алып, Бабахан, Рүстем және Әділ қазақ сұлтандары қоқандықтар жағына шығып кетіп, Әлім бекке өз көмектерін береді. Мұны көрген Жүнісқожа мүлкі мен қазынасын тастай қашып, толық талқандалады. Қазақ билеушілері Қоқан хандығын Орта Азиядағы түрік халықтарын бір орталыққа біріктіретін мемлекет ретінде қабылдады. Оған Ұлы жүз қазақтарының сұлтаны Әділдің 10 мың үймен Қытай иелігінен көшіп келіп, Қоқан ханына өз еркімен қызметке кіруі және Ташкентте ірге тепкен Ұлы жүз қазақтарының басқа да сұлтандарының қазақ даласында Қоқан саясатын жүргізушілер болғанына дәлел бола алады [12].

Көптеген орыс идеологтарының жазған еңбектерінде қоқандықтар қазақтарға ауыр салықтар салды, салық жинауда қазақтарды қорқытты және тонаумен айналысты деген пікірлер қалыптасты. Бірақ Омбы қалалық әкімшілігін басқаратын полковник Броневский Батыс Сібір генерал-губернаторының тапсыруымен Ташкент құшбегіне жазған жауап хаты бұл қағиданы жоққа шығарады. Онда: «Көп ғасырлардан бері ұлы Ресей империясы қырғыз-қазақ халықтарына және солтүстік теңізден Қара теңіз аралығындағы үлкен-кіші тайпаларға билік жүргізіп келеді. Ал қазақ даласы сауда салығынан тыскары Қоқан әкімдеріне салық төлегендігін, оларға бой ұсынғандығын ешкім де білмейді және бұл туралы мәлімет жоқ»-деп жазылады [13]. Қоқан хандығының қазақтарға ықпалының таралуына патша өкіметі алдында қоқандықтарға Шу өзенінің оң жағасына, орыстар сол жағасына өтпеу туралы ұсыныс қояды. Қоқандықтар бұл ұсыныстың қабылдайды. Алайда билік басына қазақ қыпшақтары келгеннен кейін қоқандықтар бұл келісімді бұзады. Олар XIX ғасырдың 30-жылдарының аяғында Жетісуда болған қазақтардың көтерілісіне өз әскерлерін жібереді. Бірақ Қоқан хандығында басталған тақ таласы көтеріліске шыққан қазақтарды аяғына дейін қолдай алмайды. Билікті өзбек Худояр хан мен сарттар басып алып, хандықтағы 20 мың қазақ қыпшақтарын қырып тастап, орыстармен бейбіт келісімге келу үшін 1853 жылы Омбыға Жолдасбай Мырзажанов бастаған елшілерін жіберіп, орыстарға былай дейді: «Қазіргі уақытта Қоқандты құлдықта ұстап келген қазақтардың билігі жойылды, елде тыныштық орнатылды. Ресеймен достық қатынаста болғымыз келеді» [14]. Негізінде қоқан хандығындағы отырықшы халықтармен көшпенділердің арасында жиі-жиі болып тұратын билік үшін талас-тартыстың салдарынан қоқандықтардың орыстарға қарсы күресі жүйелі түрде болмай, үзіліп қала беретін. Сонымен қатар, билік басына отырықшы халықтардың өкілдері келсе, онда Қоқан хандығының сырткы саясатындағы ұстанған позициясы бейбітшіл, келісімпаздық сипатта болатын, ал билікке қазақтар мен қырғыздар келсе, онда Қоқан хандығы Ресей, Қытай сияқты империяларға қарсы азаттық күрестерін жандандыратын. Сондай-ақ қазақ қыпшақтары Қоқан хандығының тағына қазақтардың сұлтаны Рүстем Тенгехановты билік жасауға шақырған деген деректер де кездеседі [15].

Худояр хан бастаған сарттар мен өзбектердің билігі XIX ғасырдың 50-жылдарының аяғына дейін созылады. Осы аралықта орыстар Жетісу өлкесіне емін-еркін орналасып, еш кедергісіз өз бекіністерін салып, әскери-әкімшілік басқару жүйесін енгізеді. Алайда 1859 жылы қазақтар мен қырғыздар қайтадан күш алып, Худоярды тақтан түсіреді де, орнына Маллабекті хан етіп тағайындап, билікті өз қолдарына алады. Осы кезден бастап қазақтардың орыстармен күресі қайтадан күшейе түседі.

Әдебиеттер:

1. Бейсембаев Т.К. "Тарихи Шахруки" как исторический источник. А., 1987. с.10.
2. Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства. 1886. с.22.
3. Вамбери А. Путешествие по Средней Азии. СПб., 1865. с.189.
4. Наливкин В. Аталған еңбек, 13-б.
5. Вамбери А.Аталған еңбек, 188-б.
6. Сонда, 189-191-бб.
7. Этнографическое обозрение. М., 1895. с.82.
8. Набиев Р.Н. Из историй Кокандского ханства.Ташкент. 1973. с.35.
9. Сонда, 40-46 бб.
10. ООММ. 366-к., 1-т., 236-іс. 39-п.
11. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.). – А., 2004. 19-б.
12. Асылбеков М.Х., Шалекенов М.У. Қазақстан тарихы. А., 2002. 285-б.
13. Қойгелдиев М.Қ. Аталған еңбек, 20-б.
14. Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии. М., 1974. с.343.
15. ҚРОММ. 374-к., 1-т., 2902-іс. 17-п.

САМОВОСПИТАНИЕ В ФОРМИРОВАНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ УЧИТЕЛЯ

Заикина Н.В.

Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясави

Профессия педагога – одна из важнейших в современном мире. От его усилий зависит будущее человеческой цивилизации. Профессиональный педагог – это единственный человек, который большую часть своего времени занимается воспитанием и обучением детей. Если процесс обучения детей учителем прекратится, то неизбежно наступит кризис. Новые поколения из-за отсутствия конкретных знаний не смогут поддерживать культурный, экономический и социальный прогресс. Без сомнения, общество не получит учителей, подготовленных морально и профессионально.

Основной установкой высшей школы является направленность учебно-воспитательного процесса на формирование и развитие личности будущего специалиста. Педагогический потенциал будущего учителя осознанно и полно может раскрыться в профессиональной деятельности. Следовательно, учебно-воспитательный процесс в вузе, ориентированный на решение таких задач, как подготовка будущего учителя и наиболее полное раскрытие его личностного потенциала, должен работать на развитие педагогической культуры студента.

Понятия «педагогическая культура» и «педагогическая деятельность» не тождественны, но едины. Педагогическая культура, являясь личностной характеристикой учителя, предстает как способ реализации профессиональной деятельности в единстве целей, средств и результатов. Многообразные виды педагогической деятельности, образуя функциональную структуру культуры, имеют общую предметность как результирующую ее форму в виде специфических задач. Решение задач предполагает осуществление индивидуальных и коллективных возможностей, а сам процесс решения педагогических задач представляет собой технологию педагогической деятельности, анализ которой свидетельствует о том, что если на первых порах понятие «технология» ассоциировалось в основном с производственной сферой деятельности человека, то в последнее время стало предметом многих психолого-педагогических исследований. Возросший интерес к педагогической технологии можно объяснить следующими причинами:

1) многообразные задачи, стоящие перед образовательными учреждениями, предполагают развитие не только теоретических исследований, но и разработку вопросов технологического обеспечения образовательного процесса. Теоретические исследования раскрывают логику познания от изучения объективной реальности к формулировке законов, построению теорий и концепций, в то время как прикладные исследования анализируют педагогическую практику, аккумулирующую научные результаты;

2) классическая педагогика с ее сложившимися закономерностями, принципами, формами и методами обучения и воспитания не всегда оперативно реагирует на научное обоснование многих научных идей, подходов, методик; отстает, а часто и сдерживает внедрение новых приемов и способов педагогической деятельности.

Профессионально-педагогическая культура учителя объективно существует для всех учителей не как возможность, а как реальность. Овладение ею осуществляется лишь теми и через тех, кто способен к творческому распредмечиванию ценностей и технологий педагогической деятельности. Ценности и технологии наполняются личностным смыслом лишь в процессе творческих исканий и практической реализации.

Рассматривая глобальный вопрос взаимодействия цивилизации и культуры, Н.А.Бердяев считал, что цивилизация в известном смысле старее и первичнее культуры: цивилизация обозначает социально-коллективный процесс, а культура более индивидуальна, она связана с личностью, с творческим актом человека. В том, что культура создается творческим актом человека, Н.А. Бердяев видел его гениальную природу: «Творчество есть огонь, культура же есть охлаждение огня». Творческий акт находится в пространстве субъективности, а продукт культуры - в объективной реальности.

Творческий характер педагогической деятельности обусловливает особый стиль мыслительной деятельности педагога, связанный с новизной и значимостью ее результатов, вызывая сложный синтез всех психических сфер (познавательной, эмоциональной, волевой и мотивационной) личности учителя. Особое место в нем занимает развитая потребность, творить, которая воплощается в специфических способностях и их проявлении. Способность к педагогическому мышлению, являющемуся по своей природе и содержанию дивергентным, обеспечивает учителю активное преобразование педагогической

информации, выход за границы временных параметров педагогической реальности. Эффективность профессиональной деятельности учителя зависит не только и не столько от знаний и навыков, сколько от способностей использовать данную в педагогической ситуации информацию различными способами и в быстром темпе. Развитый интеллект позволяет учителю познавать не отдельные единичные педагогические факты и явления, а педагогические идеи, теории обучения и воспитания учащихся. Рефлексивность, гуманизм, направленность в будущее и ясное понимание средств, необходимых для профессионального совершенствования и развития личности учащегося, являются характерными свойствами интеллектуальной компетентности учителя. Развитое педагогическое мышление, обеспечивающее глубокое смысловое понимание педагогической информации, преломляет знания и способы деятельности через призму собственного индивидуального профессионально-педагогического опыта и помогает обретать личностный смысл профессиональной деятельности.

Утверждение К.Д.Ушинского о том, что учитель живет до тех пор, пока учится, в современных условиях приобретает особое значение. Не менее актуальна сегодня и мысль о необходимости постоянного совершенствования учителя путем неустанной работы над собой. Сама жизнь поставила на повестку дня проблему непрерывного педагогического образования. А. Дистервег писал, имея в виду учителя: «Он лишь до тех пор способен на самом деле воспитывать и образовывать, пока сам работает над своим собственным воспитанием и образованием». Но в реальной практической действительности при многочисленных обязанностях, отнимающих у педагога много времени, может сложиться ситуация, когда он не выходит за пределы непосредственных дел, осуществляемых каждодневно. В этом случае его отношение к профессии – это отношение к ее отдельным сторонам.

Соответственно оценка профессии и себя в ней носит фрагментарный, ситуативный характер, связанный с возникающими проблемами (установлением дисциплины, организацией коллектива, выяснением взаимоотношений с администрацией школы и т.д.). Подобная непосредственность профессионального бытия рано или поздно приходит в противоречие с логикой педагогической деятельности, что побуждает учителя критически оценить себя в профессии, заставить подняться над непосредственно данными условиями. Этот способ профессиональной деятельности связан с проявлением рефлексии, или, по выражению С.Л. Рубинштейна, мировоззренческого чувства, формирующего обобщенно-целостное отношение к профессии.

Опыт работы над собой в плане самосовершенствования составляет предпосылку профессионального самовоспитания, которое предполагает сознательную работу по развитию своей личности как профессионала: адаптирование своих индивидуально неповторимых особенностей к требованиям педагогической деятельности, постоянное повышение профессиональной компетентности и непрерывное развитие социально-нравственных и других свойств личности.

В педагогическом вузе вчерашние выпускники школ попадают в новые условия, которые предъявляют к ним высокие требования: уметь рационально распределять и планировать свое время, организовывать свое рабочее место, работать с книгой и специальной литературой и т.п. Овладение умениями и навыками самостоятельной работы начинается с установления гигиенически и педагогически обоснованного режима дня. Надо так спланировать свою учебную и внеучебную деятельность, чтобы оставалось время и для самообразовательной работы, и для культурного отдыха.

Овладение навыками самостоятельной работы и умениями рациональной организации учебного труда свидетельствует о сформированности культуры умственного труда, которая включает: культуру мышления, проявляющуюся в умениях анализа и синтеза, сравнения и классификации, абстрагирования и обобщения, «переноса» полученных знаний и приемов умственной деятельности в различные новые условия; устойчивый познавательный интерес, умения и навыки творческого решения познавательных задач, умение сосредоточиться на главных, наиболее важных в данный момент проблемах; рациональные приемы и методы самостоятельной работы по добыванию знаний, совершенное владение устной и письменной речью; гигиену умственного труда и его педагогически целесообразную организацию, умение разумно использовать свое время, расходовать физические и духовные силы.

Воспитательное воздействие преподавателя на личность обучаемого выражается в конечном счете в его личностных качествах. Конечно, на личностное развитие человека влияет вся социальная среда, все многочисленные факторы, включая способы распределения материальных благ, материальное благосостояние народа, духовную жизнь общества, систему образования, культуру, здравоохранение, семейно-бытовые отношения, социально-психологический климат трудовых коллективов и т. д. Однако влияние педагога, учителя не сравнить ни с чем, если только педагог сам является яркой личностью.

Способ его общения с учащимися, умение четко и продуктивно организовать учебный процесс оказывают подчас более сильное воздействие на психику обучаемых, чем многочасовые нравоучения. Не случайно справедливо говорят: «Беспорядок в доме порождает беспорядок в сознании». Опытный педагог всегда учит так, что сам процесс учебы воспитывает, формирует организованную и высоконравственную личность.

Литература:

1. Ананьев Б.Г. Некоторые проблемы психологии взрослых. М., 2003 (переиздание 3). 280 с.
2. Андреев В.И. Диалектика воспитания и самовоспитание творческой личности: Основы педагогики творчества. – Казань, 2000. – 236 с.
3. Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал. – М., 2003. – 215 с.
4. Никонова А.Я., Маркова А.К. Психология труда учителя. – М., 2001. – 420 с.
5. Ростунов А.Т. Формирование профессиональной пригодности. - М., 1984. – 176 с.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ МУЗЕЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ

Ибраева А.Ғ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазақстанның егеменді ел болуы, әкімшіл-әміршіл тоталитарлы жүйемен қош айтысып, қазақ халқының ғасырлар бойғы тарихының қатпар-қатпар қабаттарын қайта аударыстырып, жұртшылықты елең еткізерлік жаңалықтар мен жаркын есімдерді ашуға, ұзақ уақыт халқымыздың санасынан сызылып қалған тамаша тұлғалармен танысуға мүмкіндік туғызып отыр. Солардың бірі – қазақ халқының ілгері дамуына аянбай қызмет еткен аяулы азамат, Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Бөкейханұлы. Кеңес кезеңіндегі оқулықтарда «Хан емессің қасқырсың, қас албасты басқырсың» - деп, бір жақты түсініп, жоғарғы әлеуметтік топтың сойылын соғушы, қанаушы таптың тірегі ретінде білсек, бүгінгі күні Жәңгір хан негізін ханның тұлғасы тіпті басқа жағынан сомдалып, қол астындағы халықтың қараңғылықта қалуын қаламай, тарихымызда өзінің лайықты орнын алатын деңгейдегі оқтайлы істері нақты деректер арқылы дәлелденіп жатқаны баршаға аян.

Осыған орай, 2001 жылы Батыс Қазақстан облысында Бөкей Ордасының 200 жылдығы және оның соңғы ханы Жәңгірдің 200 жылдығы аталып өтілді. Міне, биылғы жылы кезінде Жәңгір хан негізін салған Бөкей хандығы Қару-жарақ палатасының 180 жылдығы және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агро-техникалық университетінің 45 жылдығы халықаралық деңгейде аталып өтілгелі отыр. Ұлттық тарихымызда бұл назар аударарлықтай маңызды оқиға. Жәңгір ханның ерен еңбегі елеусіз қалған жоқ.

Жәңгір хан билік құрған жылдары оның қол астындағы халықтың тұрмыс-тіршілігі түбегейлі өзгерді. Ол жүргізген саяси, экономикалық және мәдени реформалар халықтың өміріне тарихи мәні бар өзгерістер мен айтарлықтай жаңалықтар әкелді. Орыс, араб, татар және парсы тілдерін жете меңгерген Жәңгір еуропалық өркениет үлгілерін ел өміріне енгізумен қатар, қазақи дәстүрдің дамуына ерекше көңіл бөлді. Әке арманын абыроймен жалғастырған Жәңгір хан Нарын құмының жиегіндегі Жаскұс елді мекенінен 1826 жылы қала салудан бастап, кейін бұл өңірде сауда-саттық жәрмеңке, каржы-қаражат сақтайтын орын ретінде банк, мешіттер, емдеу орнын және алғашқы орыс-қазақ мектебінің мектебінің ашылуына ықпал етті. Бұл айтылғандар Жәңгір ханның оқтайлы істерінің бір қыры ғана. Аталмыш мақалада Жәңгір ханның елдің мәдени өміріне енгізген маңызды жаңалықтарының бірі өлкеде тұңғыш музей құрылысының алғашқы қадамдарының жасалғандығын дәлелдейтін қару-жарақ жинақ коллекциясының тарихы мен тағдыры жайлы болмақ. Музей құрылысының алғашқы қадамы деп отырғанымыз, Жәңгір хан жинақтаған құнды жәдігерлер қазақ халқы үшін баға жетпес мұра. Бірақ бұл ресми түрде музей деңгейіне жетпей хан Ордасының бір бөлмесін безендірген заттардың жинағы ретінде қалып қойды. Дегенмен, бұл қадам алдағы уақытта өлкеде музей құрылысының жандануына негіз болғандығына күмән жоқ. Жарық көріп жатқан мәліметтерге сүйенсек, Батыс Қазақстан облысында 1859 жылы Орал жаратылыстану-тарихи музейі ресми түрде ашылған /1/.

Жәңгір ханның коллекциялық қорының жинақталу тарихына келетін болсақ, 1826 жылы ол бірқатар себептерге байланысты кейінге қалтырылған I Николай патшаның ұлықтау рәсімін күтіп төрт айға жуық уақыт Санкт-Петербург қаласында болады. Осы кезде қаланың назар аударарлық орындарын аралай жүріп, назары музейдегі қару-жарақ коллекциясына түсіп, қатты ұнатты. Ордасына келе сала көргенін өз жерінде жүзеге асыру мақсатында, үйінің 23 бөлмесінің біреуін қару-жарақ жинауға бөліп, ұйымдастыру шараларына кірісіп кетті. Алдымен, ол туған-туысқандарынан отбасылық-династиялық және тарихи құндылықтарды беру туралы өтініш хат жіберді. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде 1828 жылы арнайы бөлінген бөлмеге қылыш, жатаған, шоқпар, шашка, пистолет, сауыт сынды карудың түрлері өте бай әрі құнды жәдігерлер жинақталып ханның қару-жарақ палатасының құрылуына негіз болды. Ал шыныланған сөрелердің ішіне негізінен әскери сауыт-саймандар мен қару-жарақтар қойылды. Құнды жәдігерлердің арасында Ресей билеушілерінің кезінде Әбілқайыр және Нұралы хандарға берген сыйлықтары да болды. Осы тұрғыда, 1846 жылы Нарын құмындағы хан Ордасында болған орыс саяхатшысы және этнографы Евреинов өзінің «Ішкі немесе Бөкей, қырғыз-қазақ Ордасы» деген еңбегінде мынадай мәліметті келтіреді: *«...Менің бүкіл назарымды аударған қару-жарақ болмесі болды. Бұл бөлмеде қабырғаға төбеден еденге дейін тығыз ілінген қару-жарақ, ат әбзелдері және әскери сауыттардан басқа ештеңе болған жоқ. Олардың көптілігінің көнелігінен және түрлі-түсті тастармен безендірілуінен құндылығы бірден байқалады. Жәңгір сирек әрі құнды туындылардың білгірі ретінде, оларды жинақтауда қаражатты аямаған. Олардың ішінде 1742 және 1749 жылдары патшайым Елизавета, 1775 жылы Екатерина, 1802, 1812, 1823 жылдары Александр патша сыйлаған қылыштар бар»* /2/.

Ал, келесі Ресей зерттеушісі Терещенко «Москвитянин» журналында жарияланған өзінің «Дешті-Қыпшақ ізі және Ішкі Қырғыз-Қайсақ Ордасы» атты мақаласында Жәңгір хан коллекциясының кейбір заттарына төмендегідей сипаттама береді: «Шығыс қаруларының ішінде орыс патшасы Михаил Федорович сыйлаған қылыш сақталған. Қылыштың екі жағы алтын араб әріптерімен өрнектелін жазылған». Басқа мемлекеттердің билеушілері сыйлаған мұндай қарулар ханның жинағында көп болған. Бұл бөлмеде хан қонақтарын қабылдап, олармен өзінің ата-бабалары туралы әңгіме айтуды ұнаткан.

Бүгінгі күнге дейін жеткен мәліметтерге қарағанда Жәңгір хан жинақтарының арасынан басқа да құнды заттарды кездестіруге болады. Мысалы, хан қайтыс болғаннан кейін оның мүлкінің тізімін жасаған комиссия мәліметтерінде, күміс ыдыстар, алтын медальдер, жұбайы Фатима ханшаның асыл тастармен безендірілген зергерлік әшекейлері және бағалы киімдері айтылған. Мәселен, мұрағат деректерінде Фатима ханшаның алтынмен өрнектелген баркыт бешпеті және көйлегі кейін Орынбор музейіне (казіргі ҚР Орталық Мемлекеттік музейі) тапсырылғандығы туралы мәліметтер сақталған /3/. Жоғарыда айтылған Евреиновтың мәліметтеріне жүгінсек 1851 жылы Ордада болғанда Жәңгір ханның

коллекциялық жинағы сол қалпында сақталған екен. Революциядан кейін бүкіл құнды жинақ Орынбор шекаралық комиссиясының Уақытша кеңесінің құзырына берілген. Уақыт өте бүкіл коллекция із-түзсіз жоғалып кеткен. Тек бүгін баға жетпес құнды коллекцияның кейбір жәдігерлері Мәскеу және Санкт-Петербург музейлерінің қорынан табылып жатыр. Мәселен, белгілі Қазақстан журналисі И.Аманжол Санкт-Петербургке сапары барысында Жәңгір хан коллекциясын әдейі іздеп жүріп оған тиесілі дулығаның этнография музейінде сақталғанын анықтады /4/. Осылай жан-жаққа шашылып кеткен орны толмас құндылықтарды іздестірсе бірі музейлер қорынан, бірі жекелеген адамдардың коллекциясының арасынан табылатынына сөз жоқ. Соңғы жылдары Бөкей Ордасы музейі қару-жарақ палатасының жоғалған жәдігерлерін қайтадан қалпына келтіру мақсатында жан-жақты жұмыстар атқаруда. Әрине, оның барлығы табыла қояды, табылса да қайтарыла қояды дегенге сенім аз. Дегенмен, кім біледі алдағы уақытта басқа мемлекеттер музейінде сақталғандары қайтарылып та қалар.

1962 жылы желтоқсанның 15 жұлдызында Орда мектебінде 55 жәдігердің негізінде тарихи музей ашылды. Музейдің ашылуына атсалысқан Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім, Азамат соғысының ардагері, өлкетанушы А.Ю.Тажетдинов болды. 2002 жылы музей тарихи-музейлік кешен мәртебесін алып, оның құрамына: «Бөкей Ордасының тарихы музейі», «Тәуелсіздік музейі», «Хан сарайының Қару-жарақ палатасы», «Бөкей Ордасындағы халық ағарту», А.А.Сергачевтің үйі, 1868 жылы салынған педтехникум ғимараты және пантеон енді. Еске алу пантеонына 1997 жылы ашылған Жәңгір хан кесенісі, 1999 жылы ашылған Салық Қарауылқожаұлы Бабажановтың (ханның шәкірті, тарихшы, этнограф) кесенесі, 2001 жылы ашылған Дәулеткерей кесенесі енеді. Тарихи-музейлік кешеннің директоры Темірболат Махимұлының табанды еңбегінің арқасында музей 2003 жылдан бастап Халықаралық Музейлер Кеңесіне мүше болды /5/.

Мұрағаттан алынған суреттер негізінде кезінде салынған ғимараттар қайтадан қалпына келтіріліп, XIX ғасыр жиһаздары мен Жәңгір ханның коллекциялық қорын құрған жәдігерлерді іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Музейдің революцияға дейінгі бөлімінде құнды құжаттар мен суреттер, ертоқым, ат әбзелдері, қылыш, қанжарлар, әскери сауыт-саймандар, дулығалар, ескі домбра тәрізді сол кезді суреттейтін заттар қойылған. Кезінде Жәңгір хан салғызған ғимараттардан сомдалған еуропалық нақыш пен нәзік әрі сұлу шығыс сәулет өнерінің лайықты тоғысуын аңғару қиын емес. Сондай ғимараттардың бірі мешітте бүгінгі күні экспозициясы Қазақстан егемендігінің қалыптасуы жөнінде сөз ететін Тәуелсіздік музейі орналастырылған.

Иә, халқым, елім, жерім деп еңіреген ер азаматтың өзі өлсе де, оның істері өлген жоқ, аты мәңгілікке халықтың жадында сақталып қалды. Оның мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса отырып, бүгінгі күні өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде маңызы зор. Ал, кезінде Жәңгір хан тырнақтап жинап, көзінің қарашығындай сақтаған баға жетпес ұлттық мұрамызды іздестіру, Ресей сынды алпауыт елдердің тырнағында кеткен құндылықтарды қайтарып алу мәселесі мемлекеттік деңгейдегі іс.

Әдебиеттер:

1. Исторические и краеведческие музеи СССР. Каталог. М., 1988. - С. 65.
2. И.Аманжол. Музейные трагедии // Деловая неделя. 23 (751) 15 июня 2007 г. -С.14
3. ҚР ОМА 81 қор, 1 тізбе, 1316 іс, 222 п.
4. И.Аманжол. Жоғарыда айтылған еңбекті қараңыз.
5. Караван . № 4, 31 августа 2007 г.

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ЖАСТАРДЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Кабулова Н.Қ., оқытушы

БҚБД «Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі» МККҚ

Қазіргі кезде тәрбиенің жан-жақты, сан қырлы әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, оларды Отансүйгіш, елжанды азамат етіп тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет. Ертедегі ойшылдар адамның рухани жетілуінде, тәрбиенің басты орын алатынын зерттей келе, оның дұрыс жолға қойылуына ай-рықша мән берген. Данышпан бабамыз Әл-Фараби өз пайымдауынша тәрбие ту-ралы мынадай даналық сөзін қалдырған: «Тәрбиелеу – ұрпаққа адамгершілік өмір тәртібі мен алуан түрлі өнер салаларынан тәлімгерлік үлгі беретін ұстаздық қызмет».

Адам баласының ғылыми дүниетанымын, көзқарасын қалыптастыруда тарих сабағының мәні зор. Тарихи уақиғаларды жан-жақты дұрыс түсіну үшін әуелі ой-лау, елестету, одан кейін фактілерді, оқиғаларды, жағдайларды ойша қорыту ар-қылы түсінік қалыптастырған жөн. Сол тарихи жағдайларды білуге құмарту, терең түсінуге жағдай жасау, оқушылардың қабілетін дамытуды қалып-тастыру, оқушыларды өз бетінше ізденуге әкеліп тіреу керек. Сонда ғана біз ба-ланың жан-жақты дамуына әсер ететін міндетті орындадық дей аламыз.

Сабақтың тәрбиелік міндетін жүзеге асыру үшін мен көптеген қосымша ма-териалдар пайдаланамын: қандай тақырыптарды өткенде қандай қосымша мате-риал қажеттігін анықтаймын, оларды күнтізбелік жоспар жасағанда арнайы баға-нада көрсетіп қоямын. Ең негізгі жұмыс жеке сабақ жоспарын жасағанда және сабақты ұйымдастырып өткізгенде жүзеге асады. Сабақтың тәрбиелік міндетін анықтау өтілетін тақырыптың мазмұнына байланысты.

Оқушыларды тәрбиелеудің арнайы немесе ерекше әдісі жоқ. Негізінен, бұр-ыннан белгілі оқыту әдіс-тәсілдері; әңгіме, баяндау, әңгімелесу, картаны түрлі көрнекі құралдарды,тарихи көркем әдебиетті, тарихи құжаттарды, өлке матер-иалдарын пайдалану, интерактивті әдістер, оқулықтан, мерзімді баспасөз

мате-риалдарымен жұмыс сияқты түрлерін пайдаланамын.

Тарих пәнінің тәрбиелеушілік мүмкіндігі өте мол. Өйткені ол бүкіл адам ба-ласының ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін баяндайды. Тарих пәні небір та-маша тарихи фактілерді, оқиғаларды, құбылыстардың халық үшін жасаған қыз-метін баяндайды, осылардың бәрі олардың жүрегіне, сезіміне күшті әсер етеді, адамгершілігі жоғары, сапалы азамат болып қалыптасуына үлес қосады. Қазақ-станға жан-жақты білімді, осы республикадағы барлық халықтың тілін, тарихын, әдет-ғұрпын сыйлайтын, осы ел үшін, оның халықтарының бақытты келешегі үшін бар білімі мен күш-жігерін аянбай жұмсайтын нағыз отаншыл азаматтар керек.

Кеңес елі кезінде, әсіресе жастарды, мектеп оқушыларын патриоттық, ин-тернационалдық тәрбиеге баулуға баса назар аударылып, тәрбиенің бұл саласы кеңінен өріс алды. Бұл бағыттағы жұмыстар сабақтан тыс уақытта да, сабақ үс-тінде де белсенді жүргізілді. Жеке оқу пәндері арасында қоғамдық пәндер, әсіре-се тарих пәні тәрбиенің бұл салаларын жүзеге асыруда ерекше орын алды. Бірақ та коммунистік идеологияның үстемдік етуі салдарынан Кеңес елі мектептерінде бұл бағыттағы тәрбие жұмыстары бір жақты жүргізілді. Бұл оқушыларды социа-листік қоғам орнатып жатқан елдер мен халықтардың арасындағы достыққа тәр-биелеу ғана болып шықты. Оқушылр басқа қоғамдық жүйені, әсіресе капиталис-тік елдерді, олардың үстем тап деп аталатын аукатты топтарын жек көру рухын-да тәрбиеленді.

Енді тарих пәнінің жаңа бағдарламалары мен оқулықтарында халықтар тап-қа, ал елдер дос, не дұшпан елдерге бөлінбейді. Оқушылар өз елінің де, басқа ел-дердің де халықтарына құрметпен қарауға тәрбиеленеді. Бұл бағыт Қазақстан Республикасының Конституциясында (АА., 1995, I бөлім, 2-бап) мемлекеттік ор-гандар тарапынан қабылданған қаулы-қарарларда, тұжырымдамаларда, Прези-дент Н.Назарбаевтың еңбектерінде, сөйлеген сөздерінде көрініс тапқан.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» (А-А. П.О. «Кітап» 1993) деген еңбегінде республиканың идеялық бірлік тұғырнамасы туралы ой толғай отырып, аса маңызды идеялогиялық мін-детіміз-Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір адамзаттың өзін-өзі ай-қын билеуін қалыптастыру екеніне баса назар аударған.

Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның бола-шағына өзінің катысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасау керек. Еліміздің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жа-қын әрі түсінікті болуға тиіс.

Сондай-ақ бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір отбасы-на қатысты. Ал оны елдің Туын, Елтаңбасын, Ән ұранын қастерлеуден, заңды үкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам, Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын де-ген карапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей етіп тәрбиелеген жөн.

XXI ғасыр-ғылым мен техниканың көз ілепес жылдамдықпен даму заманы, сондықтан уақыт талабына сай, білімді де парасатты, жан дүниесі кемел, намыс-шыл, ұлтжанды, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың алға қояр басты мақсатымыз.

Оқушылардың бойына туған жеріне, еліне, ана тіліне деген сапалы көзқарас, сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру – тәрбие жұмысының ең өзекті міндеттері-нің бірі. Отан, халық мүддесін бірінші орынға қоятын, елі мен халқының келеше-гі үшін бар күш жігері мен білімін аянбай жұмсайтын Қазақстанның белсенді азаматтарын тәрбиелеу бүгінгі күннің басты міндеті.

Оқушыларды отаншылдыққа, халықтар достығына тәрбиелеудің мынандай жолдарын ұсынуға болады:

- халықтардың алдыңғы қатарлы дәстүрлерін нақты мысалдармен ашып көрсету;
- халықтар тағдырының ортақтығына, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің ортақтығына назар аудару;
- халықтар арасында пайда болған, қалыптасқан достықты, оған себеп болған, әсер еткен тарихи жағдайларды ашып көрсету;
- туған өлке материалын тиімді пайдалану;
- көрнекті қайраткерлердің де, қарапайым халық өкілдерінің де тарихтағы, халық алдындағы қызметін, еңбегін көрсету;
- отаншылдықты, халықтар достығын дамыту сияқты тамаша қасиеттерді өр-кендетуге байланысты мемлекет пен үкімет тарапынан қабылданған құжаттарды пайдалану.

Қазақстандық отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елдегі барлық халықтарды достық қатынаска тәрбиелеу аса маңызды міндет. Қазір Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет. Мұнда көптеген ұлттар мен халықтардың өкілдері мекендей-ді. Осы тәуелсіз жас мемлекеттің ойдағыдай дамып, гүлденуі үшін барлық хал-ықтардың бір-бірімен тату-тәтті, сыйластық, ынтымақта қатынас жасауы тиіс. Қазақстан олардың бәрінің Отаны болғандықтан біздің елді мекендеген барлық халықтар Қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиеленуі қажет.

Ал, қазақ жастарын отаншылдыққа тәрбиелеуге үлкен міндеттер жүктеледі. Өйткені Қазақстанның байырғы тұрақты халқы – қазақтар, жердің де, елдің де негізі, түпкі иесі солар. Сондықтан да алдымен қазақ жастарын отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерекше маңызды. Қазақ халқы ұлттар арасындағы ын-тымақтастықтың ұйтқысы бола білсе, тыныштық та, береке де, қалыпты дамуда болады.

Қазақстан Республикасы болғандықтан келешекте қазақ халқының өркениет-ті идеологиясы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы үстемдік етуі тиіс. Ол үшін әрбір қазақ-та нағыз ұлттық намыс қалыптасуы керек. Міне бізге жетпей тұрғаны осы ұлт-тық намыс.

Оқушыларды тарих сабақтарында тарихи материалдарды оқыта отырып ер-лікке, жауынгерлікке тәрбиелеу әлдекайда күрделі міндет. Оларды алдын ала ан-ықтап, оқыту әдіс-тәсілдерін белгілеп алған дұрыс. Мұндай сипатты материал-дарға мыналар жатады:

1. Қатысушылардың көпшілігі халық бұқарасы болған шетел басқыншыларына қарсы азаттық жолындағы күрес, отаршыларға қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар.

2. Халық өзінің аса қаһармандығын, өз отанына берілгендігін, жаппай ерліктің үлгісін көрсеткен шайқастар. Бұған Отырар қаласын қорғаған қала халқының (1219-1220 ж.ж.) әскерлер мен қала халқының ерлігі мысал болды.

3. Сырттан келген басқыншыларға қарсы күреске бүкіл халық елдің әскери күшін біріктіріп, ынтымақтасып, ұйымшылдықпен қарсы тұрғанын көрсететін материал, халықтың өзара достығы, олардың түп тамыры бір екендігін айқын-дайтын оқиғалар. Бұған 1941-1945 ж.ж. КСРО-ның Ұлы Отан соғысы, оған қазақ-стандықтардың қатысуы мысал болады.

4. Халық арасынан шыққан ер жүрек батырлар мен қолбасшылардың шайқас-тардағы қаһармандығын сипаттайтын материалдар. Бұған мысал көп. Әсіресе, қазақ батырларының жау жағының батырларымен жекпе-жегі, қазақ қолбасшы-ларының тапқырлығы нақты мысал бола алады. Мәселен, қолбасшы Кенесары Қасымұлының 1844 жылы Қараөткел (қазіргі Астана қаласы) әскери бекінісін тас-талқан етуі.

Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізді алып, еңсемізді түзер шақта ұлы Мұхаңның «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген даналық сөзін жадымызда ұстауымыз керек. «Өткеніміз – бүгін, бүгінсіз - болашақ тұл» өсер ұрпақ тарих-тан тағылым алмай, болашаққа батыл қадам жасай алмайды. Үш мың жылдық тарихы мен ұлан-ғайыр жері бар бостандық сүйгіш халқымыздың әлемдік өрке-ниетке өлшеусіз үлес қосқан ел екенін дәріптесек – ұрпақ санасына отансүйгіш-тік пен елжандылық сезімдерінің ұрығын сепкен болар едік.

ПРОБЛЕМА ПОПЕЧЕНИЯ ДЕТЕЙ СИРОТ В РБ: ОПЫТ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Кагарманова А.И.
Башкирский государственный педагогический университет им. М.Акмуллы

Попечение детей-сирот как важная составная часть социальной политики имеет давнюю историю как в России в целом, так и на Южном Урале. Еще в 1748 г. при Оренбургской губернской канцелярии для детей ссыльных открывается "особливая школа", которая давала начальное образование и имела целью ослабить "дурное влияние" родителей. В конце XVIII в. в школе обучался 21 ученик. По окончании школы канцелярия назначала выпускников на службу. С 1782 г. школа перешла в ведение Приказа общественного призрения. В 1797 г. в Оренбурге и ряде были основаны для солдатских детей гарнизонные школы. Через год эти заведения были реорганизованы в военно-сиротские отделения, а в 1827-28 гг. – в батальоны военных кантонистов.

На территории Башкортостана в XIX в. появляются заведения, в которых живут и учатся дети-сироты. Так, открыт сиротский дом при Уфимской духовной семинарии, создаются школы в сельской местности, различные учреждения при монастырях. В 1848 г. в Уфе открывается губернское попечительство детских приютов, а в 1849 г. – открытию первого приюта. Дети воспитывались и обучались как приходящие, так и живущие в самом приюте. Затем открыт второй приют в 1885 г., в 1870-х гг. появился пансион благородных воспитанниц Мариинской женской гимназии и приют для магометанских сирот. Существовали приюты в сельской местности Уфимской губернии.

В связи с нарастанием кризисных явлений в российском обществе в годы революции 1905-07 гг., а особенно с началом первой мировой войны обострилась проблема устройства детей-сирот. К 1917 г. в 5 приютах Уфимской губернии содержалось около 200 детей. Две революции 1917 г., гражданская война привели к росту числа детей, оставшихся без родителей, не имеющих жилья, а также детей в голодающих семьях. В первые годы советской власти детские дома переданы в подчинение наркомату социального обеспечения (соцобезу). В большом количестве открывались новые учреждения различных типов: школы-коммуны, трудовые колонии, детские очаги, примитив-приемники, детские площадки и т.д. Развитие происходило под контролем правительственных (отдел соцвоса Наркомпроса, отдел охраны материнства и младенчества Наркомздрава), партийных (женотдел РКП (б)), общественных (профсоюзы) и других структур. Границы между различными типами детских учреждений были размыты.

В мае 1920 г. в Башкирском наркомпросе (БНКП) образован отдел соцвоса, которому переданы детские дома соцобеза. По документам осенью 1920 г. в Башреспублике насчитывалось уже 49 детских домов БНКП и 52 Башпомощи, в Уфимской губ. 94 интернатных учреждения, но реально работали не все. Количество детских домов в конце 1920 г. в современных границах Башкортостана оценивается в 120-150 (с 4-5 тыс. воспитанников), а к весне 1922 г. выросло уже до 210 (около 20 тыс. детей). Наиболее тяжелой ситуация была в 1921 г., когда в летние месяцы в Уфу прибывали ежедневно сотни детей из волостей. Царили голод, безработица, болезни, грабежи.

«Ақас» шаруа қожалығы сүтті ірі қараның жоғары потенциалын пайдалану мақсатында, мол сүттілігімен, желінінің тәуір пішінімен, машинамен саууға бейімділігімен және азықты тиімді өтеуімен ерекшеленетін голштин тұқымының малын өсіріп жетілдіруде.

Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтары аудандастырылған сиыр тұқымдарының сүттілігін және оның майлылығын арттыру үшін селекциялық процессте қара-ала және қызыл-ала голштиндердің генетикалық потенциалын кеңінен пайдалана береді.

"Ақас" ЖШС агрофирмасы асыл тұқымды сүтті бағыттағы голштин тұқымды сиырларды өсірумен айналысатын мамандандырылған шаруашылық.

Бұл асыл тұқымды сиырлар жергілікті жағдайға бейімделген төлдері тез өседі, сүт өнімдігілі және азықтық өтеуінің тиімділіктері өте жоғары. Сиырлардың сүттілігі 6 мың кг және оданда жоғары, майлылығы 3,7 %.

«Ақас» ЖШС-да барлығы 117 бас голштин тұқымды ірі қара мал бар, оның 62 басы сиыр. Табындағы малдың 40% элита – рекорд және элита сыныбтарына, 46% бірінші сыныпқа жатқызылған. Шаруашылықта 100 бас сиырдан 80 бұзау алынады.

Бірінші туған сиырлардың сүттілігі – 5680 кг, екінші – 6420 кг, 3 және одан жоғары – 8260 кг құрайды.

Голштин сиырлары жоғары гендік қорымен өте мол сүттілігімен бағаланады.

Он айлық төлдерінің орташа салмағы 260 кг, он сегіз айлығындағы бірінші рет ұрықтандырылғандағы салмағы 380 кг жетеді.

Голштин тұқымының төлдері тез өсіп жетілгіш, шаруашылықта өсірілген төлдердің 6 айлығындағы салмағы 160 кг, 12 айлығында – 295 кг, 18 айлығында 380 кг. Мал тұқымын өсіруде Рефлекшн – Соверинг 198998 (шешесінің сүттілігі – 8144кг, майлылығы – 4,16%) және Посейдон 239 (шешесінің сүттілігі – 4755 кг, майлылығы – 4,47%) негізінде табынның гениологиялық желісі қалыптастырған.

«Ақас» агрофирмасы ЖШС жоғарыда көрсетілгендей қазіргі заман талабына сай сүтті мал тұқымын жетілдіріп өсіруде.

Сүтті ірі қара шаруашылығының басты міндеті- 305 күндік сауым кезеңінде сауылатын сүтті барынша молайту және бұзаулау аралығын 12 айдан асырмау.

Сүтті ірі қара шаруашылықтарындағы жүргізілетін сұрыптау жұмыстары - асылдандырудың басты буыны болып табылады және оған селекциялық процесстің тиімділігі тығыз байланысты.

Облыстың шаруашылықтарында бұқаларды жеке жұптау тәсілі қолданылып, сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандырылуда

Қара ала, қызыл ала, құқыл ала тұқымдардың малын голштин бұқаларымен будандастырып сүтті ірі қараның өнімділігін молайту жолы көптеген елдерде кеңінен қолданылуда.

Сиырлардың сүт өнімділігі 4000 кг деңгейіне жеткен табындарда будандастырудың тиімділігі жоғары- сауым көсеткіштері 12-15 % артық.

Ал өнімділік төмен болған жағдайда, бұл негізінен нашар жем-шөп қорымен байланысты, будан малдар түпкі генотиптен ерекшеленбейді, бұзаулағаннан кейін тірілей салмағын жоғалтып, тіпті азып та кетеді. Сүтті тұқымдарды будандастыру гетерозис құбылысының нәтижесінде малдың сүт өнімділігін молайтуға мүмкіндік туғызады.

ҚЫРДЫҢ ҚЫЗЫЛ СИЫРЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ

Тулебаев Б.Т., доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
Мутаев Қ.М., аға оқытушы
Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті

Сүтті ірі қара шаруашылығындағы малды асылдандыру жұмыстары сиыр сүтінің өнімділігін молайтуға, оның майлылығын, ақ уыздылығын, сиырлардың тірілей салмағын, өз төлі есебінен көбейу қабілетін және жергілікті климат жағдайына бейімделуін арттыру бағытында жүргізілуде.

Сүтті сиырлар мол өнімділігімен, машинамен саууға жарамдылығымен, сүйегінің беріктігімен, денсаулықтарының табиғи төзімділігімен ерекшеленеді.

Сондықтанда селекциялық жұмыстар осы қасиеттерді қанға сіңіруге негізделген.

Сүтті мал өсіргенде асылдандыру жұмыстарын негізінен тұқымаралық будандастыру арқылы жүргізіп, тұқым жақсартушы малдың нәсілін екінші буындағы ұрпақтар деңгейіне жеткізіп, әрі қарай "өз ішінде" өсіруді қолданады.

Батыс Қазақстан облысының асыл тұқымды шаруашылықтары тұқымдық төлді өсіргенде төмендегі кестеде келтірілген талаптарды басшылыққа алып, сиырлардың сүт өнімділігін молайтуды көздейді.

1. Сүтті сиыр өсіруге қойылатын талаптар.

Мазмұны	Сүт өнімділігінің деңгейі, кг		
	3000	4000	5000
Туылғанынан бірінші бұзаулағанына дейінгі орташа тәуліктік қосымша салмақ, гр	540	600	680
Тірілей салмақ, кг: 6ай.	150	160	170
12 ай.	250	280	295
Бірінші ұрықтандырылғанда 18ай.	340	360	400
Бірінші бұзаулаған сиырлардың тірілей салмағы, кг	400-450	450-470	500-550
1 центнер өнімге кеткен шығын (ц.азық өлшемі.)	10,7	10,7	8,9

Сүтті ірі қара шаруашылығын интенсивтендіру және мамандандыру, малдың мол өнімділігі және ұдайы ұрпақ беруі асыл тұқымды шаруашылықтардың экономикалық тиімділігін айқындайды.

Өйткені аталық бұқалардың асыл тұқымдылық құндылығы сүтті сиырлар табынының генетикалық жақсаруын 85-90% айқындалайды.

Сондықтан облыстың асыл тұқымды шаруалықтарында бұл әдіске ерекше көңіл бөлінуде.

Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында селекциялық-асылдандыру жұмыстарының міндетті бөлігі ретінде әр шағылыстырудың нәтижелерін үнемі талдауға және аталық бұқаларды ұрғашы ұрпақтарының өнімділігіне байланысты бағалауға үлкен мән беріледі.

«Ақас» шаруа қожалығы сүтті бағыттағы қырдың қызыл сиырының тұқымын өсірумен қатар олардың өнімділік және тұқымдылық қасиеттерін жетілдірумен шұғылданды.

Шаруашылықта қырдың қызыл тұқымының 193 бас ірі қарасы, соның ішінде 113 сиыры өсірілді.

Жоғары сұрыптық класстарға барлық малдың 64,3%, сиырлардың 62% жатқызылды, соның ішінде сиырлардың 92,1% өнімділік және тұқымдылық қасиеттері бойынша тұқым стандартына және одан да жоғары талаптарға сай.

Қырдың қызыл сиырының табынының тұқымдылығына малдың сырт пішіні мен дене бітімінің және өнімділігінің ерекшеліктері әсерін тигізеді.

Бірінші бұзаулаған сиырлардың шоқтығындағы орташа 125 см, кеудесінің тереңдігі 62 см, кеудесінің ені 33,5 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 142,2 сербегіндегі ені 26,9 см, мықын төмпешіктеріндегі ені 26,9см, кеуде орамы 176,9 см, жіліншік орамы 19,6 см.

Бірінші сауым кезеңіндегі сиырлардың бұл дене өлшемдерінің өзгергіштік коэффициенттері тиісінше 3,9; 8,69; 10,4; 7,17; 6,1; 3,9 және 9,1 % болды.

Екінші сауын кезеңінде сиырлардың дене өлшемдері біркелкі өзгерді: шоқтығындағы орташа 129,4 см, кеудесінің тереңдігі 63,5 см, кеудесінің ені 33,5 см, тұрқының қиғаш ұзындығы 143,8 сербегіндегі ені 28,7 см, мықын төмпешіктеріндегі ені 28,7 см, кеуде орамы 179,3 см, жіліншік орамы 19,6 см.

Екінші сауым кезеңіндегі сиырлардың бұл дене өлшемдерінің өзгергіштік коэффициенттері тиісінше: 1,1; 8,7; 5,4; 7,7; 7,2; 6,6; 4,8 және 5,4 % болды.

Қырдың қызыл сиырларының негізгі дене өлшемдерінің көрсеткіштерінің бірінші және екінші бұзаулағаннан кейін өзгеруі олардың экстерьрлік ерекшеліктері туралы айтуға мүмкіндік береді.

Бірақ, сиырлардың экстерьеріне толық баға беру үшін бұл мәліметтерді жасы толысқан сақа сиырлардың дене өлшемдерімен салыстырған жөн. Қырдың қызыл сиырының сырт пішіні мен дене ерекшеліктері олардың сүт өнімділігіне әсерін тигізеді.

Қырдың қызыл тұқымының сиырларының сүт өнімділігі олардың жасына сай өзгерді.

Табындағы барлық сиырлардың орташа сауымы 3040 кг, бірінші сауым кезеңінде 2396 кг, ал үшінші және одан да көп сауым кезеңінде 3255 кг сүт сауылды. Олардың сүтінің құрамындағы майдың көрсеткіші біршама жоғары болды. (4,08 и 4,04%).

Сүт майының мөлшері, сиырлардың тірілей салмағы, сүттілік коэффициенті және сүт шығару шапшаңдығы 97,9 және 131,5 кг, 382 және 472 кг, 6,3 және 7,0 кг, 1,30 және 1,41 кг/мин болды тиісінше.

Сүт өндірудің экономикалық тиімділігіне сиырларды өндірісте қолданудың ұзақтығы әсерін тигізеді.

1.Қырдың қызыл сиырының сүт өнімділігі

Сауым кезеңі	Барлығы, бас	305 күндік сүт сауымы, кг	Сүт майы %	Сүт майы кг	Тірілей салмағы, кг	Сүттілік коэф-фициенті	Сүт шығару жылдамдылығы, кг/мин
Қырдың қызыл сиыры							
Барлығы	113	3040	4,03	122,5	448	6,8	1,38
Бірінші сауым кезеңі	21	2396	4,08	97,9	382	6,3	1,30
Үшіші және одан жоғары сауым кезеңі	68	3255	4,04	131,5	472	7,0	1,41

Шаруашылықтың табынында 105 сиыр қолдан ұрықтандырылды, соның ішінде 53 сиыр нәсіл жақсартқыш бұқалардың ұрығымен ұрықтандырылды.

Барлық қашарлар 18-24 айлық жасында ұрықтандырылды, олардың орташа тірілей салмағы 330 кг.

Сервистік және суалту кезеңдерінің орташа ұзақтығы 68 және 57 күн. Табындағы барлық сиырлардың орташа жасы 3,84 бұзаулаған. Сиырлардың иуінің орташа шапшаңдығы 1,3 кг/мин.

Табындағы сиырлардың жарамсыздыққа шығуының негізгі себептері: оқыс оқиғалар, гинекологиялық сирақтарының, желіннің аурулары, сонымен қатар қысыр қалуы.

Қырдың қызыл сиырының табынының генеалогиялық құрылымы негізінен англер (69 бас), қызыл дат (79 бас) және қырдың қызыл (45 бас) тұқымдарының бұқаларының ұрпақтарынан құралған.

Гарольд 2251 АДНМ-104 бұқасынан тараған 12 сиырдан 305 күндік бірінші сауым кезеңінде 2331 кг сүт сауылған, сүтінің майлылығы 3,9%, олардың орташа тірілей салмағы 381 кг.

Англер тұқымының бұқаларынан тараған сиырлардан бірінші сауын кезеңінде 2442 кг сүт сауылған, майлылығы 4,4%.

Қызыл дат бұқаларынан сауылған сиырлардан бірінші сауын кезеңінде 2533 кг сүт сауылды, сүтінің майлылығы 4,2%. Бұл сиырлардың сүт шығару шапшаңдығы 1,35; 1,40 и 1,45 кг/мин.

Қырдың қызыл сиырларымен жүргізілетін селекциялық-асылдандыру жұмыстары олардың сүт өнімділігін молайтуға және желінінің морфологиялық-функциянальдық қасиеттерін жетілдіруге бағытталған.

Қырдың қызыл тұқымының сиырларының сүт өнімділігін молайтуға және желінінің технологияға бейімділігін жақсартуға қызыл ала голштин тұқымының генетикалық мүмкіншілігін пайдалану, жем-шөп қорын нығайту, сонымен қатар малды азықтандыру, бағып-күту, сауу және сұрыптау технологиясын жетілдіру игі ықпалын тигізеді.

СИММЕНТАЛ СИЫРЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ

Тулебаев Б., доцент,
Сидихов Б.М., аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Батыс Қазақстанда сүт өндіру үшін симменталь(Орал ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы), қырдың қызыл, голштин((«Ақас» шаруа қожалығы) және қызыл-ала («Валетина» шаруа қожалығы) тұқымдардың сиырлары өсірілді.

Қазіргі уақытта бұл тұқымдардың малы Батыс Қазақстан жағдайына жерсіндіріліп, бейімделу кезеңдерінен өтті.

Бірақ, «генотип-қоршаған орта» ара қатынасы әрі қарай терең және жан-жақты зерттеулерді талап ететін күрделі құбылыс.

Осы орайда Батыс Қазақстан облысының ауа-райы, жем-шөп және технологиялық жағдайына жақсы бейімделген симменталь тұқымының сиырының тұқымының өнімділігін молайтудың маңызы зор.

Симменталдардың сүт өнімділігінің жақсы көрсеткіштері мен қатар ет өнімділігі де қанағаттанарлық жағдайда.

Симменталь тұқымының өнімділік бағыты сүтті-етті. Бұқалардың салмағы 800-1100 кг, сиырлардың салмағы 550-600 кг. Симменталь сиырларының орташа жылдық сүт сауымы 3500-4500 кг, сүтінің майлылығы 3,8-3,9%.

Келесі кестеде симменталь сиырларының сүт өнімділігі, сүттілік коэффициенті және тірілей салмағының көрсеткіштері келтірілген.

Симменталь тұқымы ішінде сүтті, сүтті-етті және етті-сүтті түрлері кездеседі. Қазіргі заманғы симменталдардың сүтті түрін өсіру экономикалық жағынан тиімді.

Тана бұқалар 12 айлығында 400-420 кг, 18 айлығында 500-600 кг. Бұзаулардың салмағы жаңа туылғанда 36-45 кг, 6 айлығында 190-220 кг.

Тана бұқалар 12 айлығында 400-420 кг, 18 айлығында -500-600 кг салмақ тартады. Сойыс шығымы 58-62%.

1. Симментал сиырларының сүт өнімділігі

Сауым кезеңі	Барлығы, бас	305 күндік сүт сауымы, кг	Сүт майы		Тірілей салмағы, кг	Сүттілік коэф-фициенті	Сүт шығару жылдамдылығы, кг/мин
			%	кг			
Симментал сиыры							
Барлығы	56	2673	3,80	102	380		1,59
Бірінші сауым кезеңі	14	2611	3,80	99	380		1,58
Үшіші және одан жоғары сауым кезеңі	26	2805	3,81	107	381		1,60

Асылдандыру жұмыстары сиырлардың сүттілігін молайтуға, дене бітімін жақсартуға және сүтінің майлылығын сақтап қалуға бағытталған.

Симменталлдар «Орал ауылшаруашылық тәжірибе станциясында» өсіріледі.

МККМ «Орал ауылшаруашылық тәжірибе стансасы» -1914 жылы ауыл шаруашылығы өндірісінің мәселелерін ғылыми деңгейде шешу үшін құрылған ғылыми мекеме. Симментал сиырын өсіретін асыл тұқымды шаруашылық.

Тәжірибе стансасы мал шаруашылығында бір қатар ғылыми-тәжірибелік жұмыстармен айналысады:симменталсиырларын төлдетудің, сүт өнімділігін молайту және сауудың технологиясы.

Шаруашылықта 109 бас симментал тұқымының ірі қарасы, соның ішінде 56 сиыр өсіріледі. 2006 жылы әр сиырдан бірінші сауым кезеңінде 2611 кг, үшінші және оданда ересек кезеңінде 2805 кг сүт сауылған. Сүтінің майлылығы 3,8%.

Сиырлардың сүт беру шапшаңдығы 1,6 кг/мин. Бірінші ұрықтандырғандағы қашарлардың тірілей салмағы 350 кг.

«Орал ауыл шаруашылық тәжірибе стансасы» негізінен Рефлекшн Соверинг 198998, Уес Идеал 933122, Сигнал 4836 ЧС 239, Висконсен-Адмирал және Радонис аталық іздерінің аналық малын өсіреді. Сол аталық іздерден тараған сиырлардан бірінші сүт сауымында тиісінше 2833, 2719, 2680, 2864, 2559, және 2700 кг сүт сауылған.

Б.Т. Тулебаев пен М.С. Айғалиевтің зерттеулерінде симментал сиырларын қызыл ала голштин тұқымының аталық бұқаларының ұрығымен ұрықтандырудан алынған жартылай қанды будандардың мол сүт өнімділігі анықталды. Будан сиырлар таза тұқымды симменталдармен салыстырғанда сүтті тұрпаты, тез иіғіштігі желіндерінің машинамен саууға өте бейімділігімен ерекшеленді. Батыс Қазақстандық зерттеушілер голштин бұқаларын симменталл сиырларының сүт өнімділігін молайтып, олардың сүттілік тұрпатын жақсартып, желіндерінің технологиялық қасиеттерін жақсарту үшін кеңінен қолдануды өндіріске енгізу және будандастыру көлемін ұлғайту туралы нақты ұсыныстар жасап, шаруашылық мамандарына келелі кеңестер беріп, ғылыми мақалалар жариялады.

УДК: 636.32/38.088.3(574.11)

АТЫРАУ Х ҚАРАКӨЛ I – II БУДАН ҚОЗЫЛАРДЫҢ ТҮР-ТҰЛҒАСЫ, СЫРТ ПІШІНІ

Үкібаев Х. Ы., ҮҒА академигі, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор
Темірғалиев С.У., ізденуші
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада «Есбол» асыл тұқым шаруашылығындағы қара қаракөл қойларын Атырау құйрықты елтірілі етті-майлы қой тұқымымен шағылыстырудан алынған I-II ұрпақ будандарының дене бітімі ерекшеліктері, дене тұрқы өлшемдері зерттелді.

При скрещивании черных каракульских маток Есболского заводского типа с баранами Атырауской пород сур и черный окраски, изучались такие показатели, как особенности телосложения, а также промеры I и II поколения.

Малдың дене бітімі дегеніміз оның сыртқы түр-тұлғасы мен ішкі құрылысының бірлестігі. Сондықтан малдың дене бітіміне баға беру үшін, алдымен оның түр-тұлғасын зерттеу керек. Малдың сыртқы түр-тұлғасын, пішінін-экстерьер деп атайды.

Экстерьер туралы ілімнің қалыптасуының алғы шарты, малдың сыртқы түр-тұлғасы, пішіні мен өнімділік қасиетінің арасында тығыз байланыстың болуы. Сондықтан мал тұқымын асылдандыру тәжірибесінде малға сыртқы түр-тұлғасына қарап баға беруге, сұрыптауға әрқашан да мән беріліп келеді. Малдың дене бітімі оның бүкіл ағзасының анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Ол тұқым қуалайды және жеке даму жағдайына, ағзаның өнімділік және оның сыртқы ортаның жағдайларына бейімделу қабілетіне байланысты болады. Зоотехния ғылымының классиктері ауыл шаруашылық малдарының экстерьерін зерттеуге үлкен мән берген. Экстерьер малдың денсаулығы, өсіп-жетілуімен шаруашылыққа пайдалылығын бағалауға мүмкіндік береді.

П.Н.Кулешов, М.Ф.Иванов [1], қойды дене бітімі бойынша үш типке бөлуді көздейтін классификация жасады: берік, ірі, нәзік дене бітімі. Бұл классификацияның қаракөл қойына да толық қатысы бар.

Қаракөл қозыларының, дене бітімдік типін оның сыртқы дене тұрқын (экстерьерін) зерттегеннен кейін анықтайды. Тұрқы жағынан қаракөл қозылары басы ұзынша, тұмсығы аздап дөңес келеді. Қошқарларының 80-90 пайызының ширатылған мықты мүйізі болады, саулықтарында мүйіз болмайды. Бонитировкалау кезінде құлағының ұзындығы ескеріледі. Өйткені оған ен салып, қозының қай топқа жататындығын және түсінің реңін көрсетеді.

Қаракөл шаруашылығы тәжірибесінде қойлардың тұрқын көзбен шолып бағалайды. Мұның өзінде де дене бітімін, басын, кеудесін, шоқтығын, арқасын, белін, аяқтарын түгел қарап шығады. Дене бітімі нәзік қозының басы ұзын, маңдайы тар болады. Маңдайының кең, басының қысқалау болуы, ірі дене бітімділерге тән. Ал дене бітімі берік қозының басының ұзындығы да, ені де қалыпты болады. Дөңес тұмсық-дене бітімінің ірі және беріктігінің белгісі. Құлақтарының мөлшері мен орналасуы-олардың сезімталдық күйін көрсетеді.

Мойнының жүндестігі мен жуан-жіңішкелігі малдың қоңын, дене бітімінің типін аңғартады. Шоқтық арасы-жауырын ортасы ойыс болмай тегіс, ұзындығы орташа болып, арқасының бірқалыпты тұтасқаны жақсы. Омыртқасы тегіс, ұзын болғаны келіседі, ойыстығы, салбыраңқылығы жақсы болмайды. Арқасы қысқа және енсіз болса, дене бітімінің нәзіктігінің белгісі. Белі неғұрлым ұзындау және тегістеу келсе, қозының соғұрлым дені сау және күшті болғаны.

Баға бергенде кеудесінің, төс сүйегінің дамуына және бұлшық етінің жетілуіне көңіл аударылады. Бұл оның тыныс алу мүшесінің қалыпты қызметі мен қан айналуының қандай күйде екенін білуге мүмкіндік береді. Дене бітімі нәзік, қозылардың кеудесі тар, кішкене, ірі қозылардікі-кең, ал бітімі берік қозылардікі қалыпты болады.

Тәжірибелік топтар қозыларының туылған кездегі дене өлшемдері мен индекстері көрсеткіштерінің әр түрлі болуы олардың құрсақтағы (эмбрионалдық) кезеңде денесінің бөліктерінің өсуінің әркелкілігін көрсетеді. Төлдің құрсақта даму және оның бөліктерінің өсу заңдылықтарын меңгеру оларға келесі кезеңде бағытталған әсер етуге мүмкіндік береді.

Малды көбірек толық сипаттау үшін, бонитировкада әр түсіне және елтірі түріне жатқызылған, сырт пішіні ерекшеліктері және жасына байланысты дене тұрқы зерттелді. Бұл әсіресе мына түрге маңызды, малдың сырт пішіні оның денінің саулығын және конституциясының мықтылығын көрсететін негіз.

Атырау тұқымы және Есболдық аталықтардан алынған I және II ұрпақ будандардың дене тұрқы өсімін 1,2 кестеден көреміз.

1 кесте - Бірінші будан ұрпақ дене бітімі ерекшеліктері

Жас, және белгілері	Аталықтар			
	9441-3329 Атырау антроцит жакет элита		9882-9811 Атырау қара жакет элита	7456-7708 Есбол жакет элита
	қара	сұр		
Жасы 2 күн				
Шоқтық биіктігі	36.0±0.34	36.9±0.26	36.5±0.30	35.7±0.24
Дене қиғаш ұзындығы	29.9±0.27	31.3±0.29	30.5±0.35	29.7±0.20
Кеуде тереңдігі	12.8±0.21	13.5±0.24	13.3±0.11	12.9±0.20
Кеуде орамы	37.2±0.26	38.3±0.19	37.7±0.31	37.4±0.30
Сирақ орамы	5.5±0.06	5.7±0.07	5.8±0.05	5.1±0.03
4,5 айында				
Шоқтық биіктігі	58.4±0.43	59.9±0.40	59.4±0.51	56.3±0.17
Дене қиғаш ұзындығы	55.4±0.26	56.8±0.42	56.3±0.34	54.6±0.47
Кеуде тереңдігі	25.0±0.13	26.7±0.09	26.5±0.12	24.2±0.19
Кеуде орамы	60.6±0.24	62.5±0.31	62.3±0.32	59.5±0.20
Сирақ орамы	6.6±0.01	6.7±0.08	6.3±0.06	6.0±0.05
18 айында				
Шоқтық биіктігі	62.8±0.18	63.9±0.22	63.8±0.21	60.1±0.18
Дене қиғаш ұзындығы	65.4±0.18	66.2±0.15	66.0±0.24	63.1±0.12
Кеуде тереңдігі	28.9±0.17	29.5±0.20	29.0±0.15	27.5±0.14
Кеуде орамы	75.3±0.27	76.8±0.23	76.1±0.21	71.9±0.15
Сирақ орамы	7.5±0.05	7.7±0.06	7.2±0.04	7.3±0.06

Кестеден көріп отырғанымыздай бір аталықтан бір аналықтан алынған қара және сұр түсті қозыларды айырып (кестеде келтірілген) қарасақ, туғанда шоқтық биіктігі 0.9 гр-ға, дене қиғаш ұзындығы 1.4 см-ге, кеуде терендігі 0.7 мм-ге, кеуде орамы 1.1 см-ге, сирақ орамы 0.2 мм-ге және 4.5 айы, енесінен айырарда шоқтық биіктігі 1.5 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 1.4 см-ге, кеуде терендігі 1.7 см-ге, кеуде орамы 1.9 см-ге, сирақ орамы 0.1 мм-ге сосын 18 айында алынған өлшемді карағанда да шоқтық биіктігі 1.1 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.8 мм-ге, кеуде терендігі 0.6 мм-ге, кеуде орамы 1.5 см-ге, сирақ орамы 0.2 мм-ге

алынған сұр түсті қозылардың ірілігін өскенде де сол ірілік артықшылығын жоймағанын кестеден байқаймыз. Бұл алынған I ұрпақ буданды ішінара түр-түсі бойынша анықталған айырмашылығы., яғни аталық және аналық тұқым қуалаушылық қасиеттерін, ерекшеліктерін ұрпағынан көреміз.

Енді осы аталық Атырау антроцит жакет элитадан алынған I ұрпақ будан қозыларды құрдастарымен айырмашылығын қарасақ, бір текті түр-түсі бөлек Атырау қара жакет элита аталығынан алынған. Бұнда туғанда шоқтық биіктігі 0.4 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.8 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.2 мм-ге, кеуде орамы 0.6 мм-ге, сирақ орамы 0.1 мм-ге және 4.5 айы, енесінен айырарда шоқтық биіктігі 0.5 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.5 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.2 мм-ге, кеуде орамы 0.2 мм-ге, сирақ орамы 0.2 мм-ге кейін 18 айында алынған өлшемді қарағанда да шоқтық биіктігі 0.1 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.2 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.5 мм-ге, кеуде орамы 0.7 мм-ге, сирақ орамы 0.5 мм-ге ірілеу, яғни өлшем көрсеткіші мм болсада Атырау антроцит жакет элитадан алынған I ұрпақ будан қозыларының сал артықшылығын көреміз.

Атырау тұқымы аталығынан алынған I ұрпақ будандардың бақылау тобы Есболдық қара қаракөл аталығынан алынған төлдердің туғандағы дене тұрқының айырмашылығын анықтағанда шоқтық биіктігі 1.2 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 1.6 см-ге, кеуде тереңдігі 0.6 мм-ге, кеуде орамы 0.9 мм-ге, сирақ орамы 0.7 мм-ге таза қара қаракөл бақылау тобы айтарлықтай төмен.

Ал енесінен айырардағы дене тұрқының шоқтық биіктігі 3.6 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 2.2 см-ге, кеуде тереңдігі 2.5 см-ге, кеуде орамы 2.9 см-ге, сирақ орамы 0.7 мм-ге.

18 айындағы дене тұрқының шоқтық биіктігі 3.8 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 3.1 см-ге, кеуде тереңдігі 2 см-ге, кеуде орамы 4.9 см-ге, сирақ орамы 0.4 мм-ге ірі, яғни өсе келе де будан ұрпақтың дене тұрқы төмен деңгейде болды.

Өсуі, экстерьері және дене бітімі бойынша іріктеу. Малдың өсуін, экстерьерін және дене бітімін ескермей, оны тек елтірісі бойынша бір жақты іріктеу шамадан тыс өсіп кетуге соқтыруы мүмкін, сонда тұқымның өзіне тән белгілері жойылып, тіршілікке қабілеті төмендейді. Елтірісінің сапасы бойынша іріктей отырып, сонымен бірге малдың ірілігі, экстерьері және дене бітімі бойынша да іріктеу керек. Сонда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады.

2 кесте - Екінші будан ұрпақ дене бітімі ерекшеліктері

Жас, және белгілері	Аталықтар			
	9303-9511 Атырау антроцит жакет элита		9483-9548 Атырау қара жакет элита	7771-7765 Есбол жакет элита
	қара	сұр		
Жасы 2 күн				
Шоқтық биіктігі	36.7±0.21	37.3±0.13	36.9±0.23	36.0±0.14
Дене қиғаш ұзындығы	30.1±0.24	31.5±0.19	31.1±0.18	29.8±0.21
Кеуде тереңдігі	13.5±0.13	13.9±0.17	13.6±0.21	13.0±0.36
Кеуде орамы	38.0±0.21	39.2±0.20	38.1±0.20	37.7±0.23
Сирақ орамы	5.8±0.06	5.9±0.02	5.7±0.03	5.2±0.03
4,5 айында				
Шоқтық биіктігі	58.6±0.21	60.1±0.01	59.5±0.21	57.1±0.09
Дене қиғаш ұзындығы	56.0±0.13	57.5±0.14	57.1±0.11	54.9±0.23
Кеуде тереңдігі	25.5±0.24	27.2±0.14	26.9±0.35	25.1±0.31
Кеуде орамы	61.0±0.36	62.7±0.11	62.6±0.18	59.8±0.13
Сирақ орамы	6.7±0.20	6.8±0.25	6.5±0.35	6.2±0.29
18 айында				
Шоқтық биіктігі	63.3±0.35	64.0±0.05	63.9±0.08	60.3±0.25
Дене қиғаш ұзындығы	65.9±0.04	66.7±0.18	66.8±0.13	64.0±0.33
Кеуде тереңдігі	29.4±0.19	29.9±0.14	29.2±0.24	28.1±0.22
Кеуде орамы	76.0±0.16	76.9±0.14	76.8±0.36	72.1±0.34
Сирақ орамы	7.7±0.13	7.8±0.03	7.5±0.01	7.3±0.02

Енді бұл кестеде алынған II ұрпақ будандарын ішінара түр-түсі бойынша анықталған айырмашылығы., бір аталықтан бір аналықтан алынған қара және сұр қозылардың айырмашылығы, яғни аталық және аналық тұқым қуалаушылық қасиеттерін, ерекшеліктерін ұрпағынан көреміз. Туғанда шоқтық биіктігі 0.6 мм-ға, дене қиғаш ұзындығы 1.4 см-ге, кеуде тереңдігі 0.4 мм-ге, кеуде орамы 1.2 см-ге, сирақ орамы 0.1 мм-ге және 4.5 айы, енесінен айырарда шоқтық биіктігі 1.5 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 1.9 см-ге, кеуде тереңдігі 1.7 см-ге, кеуде орамы 1.7 см-ге, сирақ орамы 0.1 мм-ге кейін 18 айында алынған өлшемді қарағанда да шоқтық биіктігі 0.7 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.8 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.5 мм-ге, кеуде орамы 0.9 см-ге, сирақ орамы 0.1 мм-ге сұр қозылардың артықшылығын көреміз. Алынған сұр түсті қозылардың ірілігін өскенде де сол ірілік артықшылығын жоймағанын кестеден байқаймыз, яғни аталық және аналық тұқым қуалаушылық қасиеттерін, ерекшеліктерін ұрпағынан көреміз.

Енді осы аталық Атырау антроцит жакет элитадан алынған II ұрпақ будан қозылары мен Атырау қара жакет элита аталығынан алынған II ұрпақ будан қозыларын айырмашылығы. Бұнда туғанда шоқтық биіктігі 0.4 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.4 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.3 мм-ге, кеуде орамы 1.1 мм-ге, сирақ орамы 0.2 мм-ге және 4.5 айы, енесінен айырарда шоқтық биіктігі 0.6 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.8 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.3 мм-ге, кеуде орамы 0.1 мм-ге, сирақ орамы 0.3 мм-ге кейін 18 айында алынған өлшемді қарағанда да шоқтық биіктігі 0.1 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.1 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.7 мм-ге, кеуде орамы 0.1 мм-ге, сирақ орамы 0.3 мм-ге ірілеу.

II будан ұрпақ Атырау тұқымы аталығынан алынған және Есболдық қара қаракөл аталығынан алынған төлдердің туғандағы дене тұрқын қарасақ шоқтық биіктігі 1.3 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 1.7 см-ге, кеуде тереңдігі 0.9 мм-ге, кеуде орамы 1.5 см-ге, сирақ орамы 0.7 мм-ге ірі.

Ал енесінен айырардағы дене тұрқының шоқтық биіктігі 3 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 2.8 см-ге, кеуде тереңдігі 1.8 см-ге, кеуде орамы 3.1 см-ге, сирақ орамы 0.6 мм-ге ірі.

18 айындағы дене тұрқының шоқтық биіктігі 3.7 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 3.1 см-ге, кеуде тереңдігі 2 см-ге, кеуде орамы 4.8 см-ге, сирақ орамы 0.5 гр-ға ірі. Енді осы I және II ұрпақ будандарды салыстыру тұрғысында қарасақ сіңіре будандастыруда II ұрпақ будандар дене тұрқының іріленуге бағыты барын байқаймыз.

I және II ұрпақ будан ірі көрсеткіш иелері, сұрдың дене тұрқы өлшем көрсеткіштерін айырмашылығы; Туғанда шоқтық биіктігі 0.4 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.2 см-ге, кеуде тереңдігі 0.4 мм-ге, кеуде орамы 0.9 мм-ге, сирақ орамы 0.2 мм-ге және 4.5 айы, енесінен айырарда шоқтық биіктігі 0.2 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.7 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.5 мм-ге, сирақ орамы 0.2 мм-ге, сирақ орамы 0.3 мм-ге; кейін 18 айында алынған өлшемді қарағанда да шоқтық биіктігі 0.1 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.5 мм-ге, кеуде тереңдігі 0.4 мм-ге, кеуде орамы 0.1 мм-ге, сирақ орамы 0.3 мм-ге II ұрпақ будан ерекшеленіп тұр.

Осы I - II ұрпақ сұр будандардың ең жоғарғы көрсеткішін, жаңа сұр тұқым түрінің сұр түсімен саралағанда; туғанда шоқтық биіктік 1.3 см-ге, кеуде орамы 3.8 см-ге, сирақ орамы 0.4 мм-ге будан қозылар ірі болып, ал дене қиғаш ұзындығы 5.0 см-ге жаңа сұр тұқымы артты [2].

Осы I - II ұрпақ будандардың ең жоғарғы көрсеткішін, таза Атырау тұқымы қозыларымен салыстырғандағы ең жоғарғы көрсеткіш айымашылығы [3].Туғанда шоқтық биіктігі 0.2 мм-ге, дене қиғаш ұзындығы 3.8 см-ге таза атырау тұқымы қозылары биік және ұзындау. Ал кеуде тереңдігі 0.2 мм-ге, кеуде орамы 1.0 см-ге, сирақ орамы 0.3 мм-ге будан қозылар ірі.

4.5 айы, енесінен айырарда шоқтық биіктігі 1.3 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 0.2 мм-ге, кеуде тереңдігі 2.1 см-ге, кеуде орамы 20.9 см-ге, сирақ орамы 0.7 мм-ге таза атырау тұқымы қозылары, будан қозылардан ірі болды. 18 айында алынған өлшемді қарағанда да шоқтық биіктігі 3.8 см-ге, дене қиғаш ұзындығы 7.9 см-ге, кеуде орамы 8.6 см-ге, сирақ орамы 0.6 мм-ге таза атырау қойлары, будан қойларды салыстыру арқылы өзінің артықшылығын көрсетті [3].

Әдебиеттер

1.Елемесов.К Қаракөл шаруашылығы «Қайнар» Алматы 1986.–Б.49-50.
2.Укбаев.Х.И, Р.Д.Шамекенова, Т.Кансеитов, К.Ермеков – Разведение овец сур нового породного типа в племхозе «Кзыл-Ту» Научно-технический прогресс в каракулеводстве «Қайнар»,1988.-С.39-43
3.Шукуров М.Ж. Наследуемость и изменчивость мясо-сальной продуктивности атыруской породы при гомогенном подборе // Дисс. соиск. канд.с.-х. наук, Уральск.- 2007.-С.57-58.

УДК 597. 2/5

ШАЛҚАР КӨЛІНДЕГІ КӨКСЕРКЕНІҢ ӨСІМТАЛДЫҒЫ

Усиев Е.Т., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Шукуров М.Ж., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
Кдирбаев М.М.. ізденуші
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Біздің зерттеген жұмыста Шалқар көліндегі көксеркеге әсер ететін кейбір себепшарттар қаралады; көксерінің көлеміне, жасына және қондылығына байланысты өсімталдығы. Салыстырмалы түрде басқа су айдындарындағы көксерке өсімталдығы бойынша деректер келтіріледі.

Зерттеу жұмыстары 2006 және 2007 жылдарында сәуір айында аткарылды. Материал ретінде жиналған көксерке уылдырығын пайдаландық. Барлық зерттелген көксерке аналық саны - 45 дана, IV жетілу сатысындағы 3 + жастан, 6 + жасқа дейін.

Шалқар көліндегі көксерке толық 3 жасқа толғанда жыныска жетіледі, бірен – сараны 4 жаста. Балықтың жаппай уылдырықтауы сәуір айында өтеді. Уылдырықтау басталысы және ұзақтығы су температурасына байланысты. 2006 жылы температура шұғыл өзгеріп тұрды, соның нәтижесінде көксеркенің уылдырықтауы да сәуір айының ортасына дейін созылды. 2007 жылы көлді қаптаған мұз ерте кетті, соған байланысты су да ерте жылыды. Температуралық режим көксеркенің уылдырық шашуына қолайлы болды. Орташа тәуліктік температура құбылысы 8^0 С - тан 15^0 С – қа дейін барды. Уылдырық шашу жаппай қысқа уақытта өтті. Уылдырықтайтын популяцияның басым көпшілігі уылдырықты сәуірдің 10-нан 25-не дейін шашып аяқтады.

Шалқар көлінің су деңгейінің режимі нақты әсер еткен жоқ. Біріншіден көксерке уылдырықты су деңгейінің ықпалы жетпейтін тереңдікке салды.

Екіншіден, сәуір айында көлдің су деңгейі көтерілді. Көксеркенің абсолюттік өсімталдығы жекс құбылмалығына қарамастан, орташа есеппен дарақтың салмағы мен көлеміне байланысты болып шықты. Басқа көпшілік балық түрлеріндегідей аталған биологиялық көрсеткіштері ұлғайған сайын өсімталдығы заңды түрде өсті (1 кесте).

1 кесте - Көксеркенің өсімталдығының дене ұзындығына және салмағына тәуелділігі

Ұзындығы, см	Салмағы, г		Абсолюттік өсімталдығы		Балық саны (дана)
	құбылуы	орташа	құбылуы	орташа	
31-32	340-370	355	50662-64920	57840	2
33-34	412-511	458	49238-91760	67034	4
35-36	520-710	589	72344-82848	78510	4
37-38	650-1000	852	93632-172308	101890	3
41-42	910-1320	1075	117130-178600	151181	6
43-44	1100-1470	1301	149076-233638	192770	7
45-46	1310-1790	1516	116600-323050	202963	6
49-50	1470-2180	1906	122667-421368	290182	4
51-52	2010-2230	2140	185350-384325	307542	3
53-54	2200-2700	2474	200343-634833	393666	2
55-56	2800-3550	3010	391220-653560	505132	2
59-60	3360-4580	3020	596515-904877	750698	2

1 кесте дерегі балықтың дене көлемі, өсімталдықтың өсуінен әлдеқайда артта қалуын көрсетеді. Балық ұзындығы бастапқы көлемінен салыстырғанда 31 см-ден екі есе ұзарса (60 см), өсімталдық 13 есе өскен.

Зерттеу барысында балықтың өсу салмағымен өсімталдығы арасында үлкен айырмашылық байқалған жоқ. Бастапқы көлемінен (355 г) бастапқы салмағы 11 есе өскен (4020 г).

Балық өсімталдығымен жастық байланысы 2 кестеде көрсетіледі.

2 кесте – Көксеркенің өсімталдығының жасына тәуелділігі

Балықтың жасы	Абсолюттік өсімталдығы		Балық саны
	құбылуы	орташа	
3+	49238-112099	75795	9
4+	102575-308800	185578	19
5+	113340-635033	298680	13
6+	348790-904787	515794	4

Жасы үлкейген сайын абсолюттік өсімталдығы өседі, 5 жылдықтарда 4 жылдықтармен салыстырғанда 2,5 есеге, 6 жылдықтармен – 4 есеге жуық, 7 жылдықтармен – 5 есе шамасында.

Зерттеу нәтижесі бойынша балықтың қондылығы, семіздігі ұлғайған сайын, оның абсолюттік өсімталдығы өсті, 3 кестеде осы байланыс көрсетіледі.

3 кесте – Көксеркенің өсімталдығымен қондылығының байланысы

Балық қондылығы		Абсолюттік өсімталдық		Балық саны
құбылуы	орташа	құбылуы	орташа	
-	0,96	-	49158	1
1,0-1,08	1,04	50472-65020	57741	2
1,10-1,18	1,12	60208-431276	193678	4
1,20-1,28	1,25	93632-653660	287732	6
1,30-1,37	1,34	72445-634936	299283	17
1,40-1,49	1,45	112198-591216	308495	10
1,50-1,59	1,52	160127-519942	318506	4
-	1,65	-	904897	1

Шалқар көліндегі көксеркенің абсолюттік өсімталдығын салыстыру кезінде баска су қоймаларындағы өсімталдық төмен екені анықталды. Мысалы, Жайық өзенінің төменгі ағысындағы орташа салмағы 1312 г, орташа ұзындығы 52,2 см болатын көксеркенің абсолюттік өсімталдығы 80,0-354,8 мың уылдырық түйіршігіне дейін барады.

УДК 636.295

ОПТИМАЛЬНЫЙ ВОЗРАСТ КАСТРАЦИИ МОЛОДНЯКА ВЕРБЛЮДОВ КАЗАХСКОЙ ПОРОДЫ

Фахрутдинов Х., аспирант
Научный руководитель – Мусаев З.М., доктор сельскохозяйственных наук
Исследовательский центр овцеводства

В пастбищном верблюдоводстве выращивание некастрированных самцов молодняка верблюдов связано с определенными трудностями. С двухлетнего возраста они становятся беспокойными, перестают пастись, у них проявляются половые инстинкты, что препятствует содержанию их в общих табунах. Поэтому молодняка-самцов кастрируют. Кастраты (атаны) спокойнее, лучше нагуливают, и нет препятствий для содержания их в общих табунах. Однако оптимальный для мясного верблюдоводства возраст кастрации молодняка–самцов точно не разработан.

В крестьянском хозяйстве «Каскабулак» Абайского района Восточно-Казахстанской области мы провели изучение мясных качеств некастрированного и кастрированного (в разном возрасте) верблюжьего молодняка. Опытные и контрольные группы (по 6-12 голов в каждой) составляли по принципу аналогов с учетом сроков рождения, породности и упитанности верблюдов. Подопытный (атаны) и контрольный (некастрированный) молодняк содержали круглый год на одном пастбищном корме. Животные опытных групп были кастрированы открытым способом с применением щипцов Занда в возрасте 12,18 и 24 месяцев.

В 30-месячном возрасте живая масса атанов, кастрированных через год после рождения, равнялся в среднем 486 кг, тогда как их некастрированные аналоги весили меньше – 477 кг. Атаны, кастрированные в 18-месячном возрасте, в два с половиной года весили в среднем 514 кг, или на 37 кг выше, чем некастрированные аналоги. Масса атанов, кастрированных через два года после рождения, в 30 месяцев составил 495 кг (масса некастрированных аналогов 477 кг).

Атаны, кастрированные через полтора года после рождения, превосходили некастрированных аналогов по высоте между горбами на 4,0 см и обхвату груди на 9,0 см, а кастратов более раннего и более позднего возраста кастрации по высоте между горбами – на 2 и 5 см, длине туловища – на 2 и 3 см и обхвату груди – на 1 и 7 см, что свидетельствует о их лучшем росте и развитии.

Данные контрольного убоя, проведенного в условиях крестьянского хозяйства, показали, что атаны, кастрированные в 12 месяцев, в 30 месячном возрасте уступали по массе туш контрольным некастрированным-аналогам на 3,0 кг и по убойному выходу на 0,3%.

Туши атанов, кастрированных в 18-месячном возрасте, по сравнению с тушами некастрированных-аналогов весили в среднем 265 кг, или на 14,7 кг больше. В тушах некастрированного молодняка верблюдов содержалось мяса на 3,8%, горбового жира на 0,7% и внутреннего жира на 1,1% меньше, а костей и сухожилий больше (на 2,6 и 0,3%). Убойный выход у атанов был на 5,3% выше, чем у некастрированных. Аналогичные, но несколько меньшие результаты получены и по группе атанов, кастрированных в один и два года.

Таким образом, атаны, кастрированные в 18 месяцев, по уровню мясной продуктивности выгодно отличаются от атанов кастрированных через один или два года после рождения. В 30 месяцев они превосходят первых по массе туши на 21,0 кг, а вторых – на 17,0кг. Следовательно, оптимальный возраст кастрации молодняка верблюдов мясного назначения 18 месяцев.

УДК. 636. 22/28. 083

ГИСТОЛОГИЧЕСКОЕ СТРОЕНИЕ КОЖИ У ЯГНЯТ АТЫРАУСКОЙ ПОРОДЫ СО СМУШКОВО-МЯСО-САЛЬНОЙ ПРОДУКТИВНОСТЬЮ В РАЗНЫЕ ПЕРИОДЫ СЕЛЕКЦИОННО-ПЛЕМЕННОЙ РАБОТЫ В АО «ЖАСКАЙРАТ»

Шамекенова Р.Д., кандидат с.-х.наук
ТОО «Юго-Западный научно-производственный центр сельского хозяйства»

Создавая атыраускую породу смушково-мясо-сальной продуктивностью в АО «Жаскайрат» нами исследовались толщина кожи в разные периоды селекционно-племенной работы. Селекционно-племенную работу разделили на четыре периода. Первый период 1979-1985 годы, второй 1985-1990 годы, третий с 1991-1996 годы, четвертый с 1996-2006 годы.

Гистологическая структура кожи у ягнят атырауско-смушково-мясо-сальной породы состоит из трех слоев.

Эпидермис – наружный слой кожного покрова состоит в основном из двух рядов клеток эпителиальной ткани, наружного рогового и внутреннего –мальпигиевого. Эпидермис образуя волосяное влагалище глубоко впадает в собственную кожу – дерму, которая в свою очередь проникает в эпидермис многочисленными сосочками. При выделке каракуля стараются не нарушать целостность эпидермиса, так как разрушение этого слоя, тесно связанного со строением волосяных сумок, приводит к ослаблению и последующему выпадению волос. Собственно кожа,- дерма основной слой шкурки расположенный непосредственно под эпидермисом. Это самый мощный слой, как по толщине, так и по прочности. Собственно кожа образована сложными переплетениями пучков волоком соединительной ткани и состоит в основном из двух слоев: сосочкового (пилярный) и сетчатого (ретикулярный).

Сосочковый слой (пиллярный) по толщине составляет 57-70% всей дермы и представляет собой область, занятую волосяными сумками, фолликулами и секреторными отделами потовых и сальных желез, а также эластиновыми и коллагеновыми волокнами, сетью кровеносных капилляров, нервных окончаний мышцами и т.д.

Сетчатый слой (ретикулярный) расположен между сосочковым и подкожной клетчаткой и занимает от 19 до 41% всей толщины собственно кожи. Основными тканевыми структурами его являются пучки коллагеновых волокон, которые отличаются своеобразием взаимного переплетения, незваного вязью.

Коллагеновые волокна пронизывают всю дерму, образуя особенно густую сетку волос, граничащим с эпидермисом. Сравнительно короткие коллагеновые волокна образуя, как бы неплотные сетчатые футляры вокруг пучков. Между коллагеновыми волокнами расположены фибробласты, которые принимают участие в образовании волокон.

Подкожная клетчатка. Состоит из рыхлой соединительной ткани образованной из коллагеновых и

эластичных волокон, и расположены непосредственно под сетчатым слоем, ниже граничат с мышцами. Подкожная клетчатка служит связывающим звеном между дермой и телом животного, в ней развита кровеносная и лимфатическая сеть.

Ягнята принадлежащие к различным окраскам, расцветкам, смушковым типам, породностям имеют неравнозначную общую толщину кожи в разные периоды селекционно-племенной работе..

В наших исследованиях кожный покров в зависимости от окраски и расцветки имел различное соотношение слоев кожи.

Нами предпринято исследование гистологического строения кожи ягнят при строго дифференцированном подходе в зависимости от окраски и расцветки.

Корни волос у курдючной породы черных ягнят были расположена в толще кориумов в различных направлениях. Кожа отличается более утолщенным вариантом; корни волос залегают глубже более массивны и проходят в толще кориумов к поверхности кожи параллельно друг другу. Между корнями волос лежат пакетами потовые железы.

Изучение толщины отдельных слоев толщины кожи у курдючных и атырауско смушково-мясо-сальных ягнят в разные периоды селекционно-племенной работы отражены в таблицах 1.

Результаты исследования гистологической структуры кожи показали, что общая толщина кожи эпидермиса с пилярным слоем составила 80-81,1%. Общая толщина кожи больше у курдючных ягнят, а у ягнят атырауско-смушково-мясо-сальной породы они значительно меньше. Разница достоверны (P>0,95). У ягнят сур атырауско-смушково-мясо-породы этот показатель варьирует в зависимости от окраски. Более утолщенный эпидермис был у ягнят курдючной породы коричневой окраски, где от составил 0,9%. Более развитым является пилярный слой, который варьировал от 80,2 до 81,5% в зависимости от окраски и расцветки. Наиболее важное значение имеет пилярный слой, в котором расположены волосяные фолликулы, а также железы, нервные окончания и кровеносные капилляры. Этот слой состоит из коллагеновых и эластических волокон.

По толщине пилярного слоя самого активного ягнята сур имеют разные показатели.

Удельный вес пилярного слоя у ягнят атырауско-смушково-мясо-сальной породы сур бронзовой расцветки составил 80,8%, у сура платиновой расцветки 81,5%, сур янтарной расцветки 80,9%, а антрацитовой 81,2%.

Наибольший удельный вес пилярного слоя наблюдается у ягнят платиновой и антрацитовой расцветки.

Основными структурами ретикулярного слоя являются пучки коллегеновых волокон пучков определяют качество и прочность кожи. Ретикулярной слой более толстым оказался у курдючных ягнят коричневой окраски. При сравнении с ягнятами атырауско смушково-мясо-сальной породы с суром бронзовой расцветки имели разницу на 40,9 мкм, платиновые на 62,5 мкм, янтарные на 66,1 мкм, антрацитовые на 53,4 мкм. При анализе характера развития отдельных слоев кожи видно, что курдючные ягнята характеризуются относительно толстой кожей, чем ягнята атырауско смушково-мясо-сальной породы.

Общая толщина кожи во втором периоде селекционно-племенной работы отражено в таблице 2. Данные показали, что курдючная ягнята не имели больших различий по сравнению с I периодом, но они отличаются прежде толщиной и залегают глубже к поверхности кожи. Среди ягнят атырауско смушково-мясо-сальной породы наиболее толстым слоем обладали ягнята коричневой окраски разница высоко достоверна (P>0,999) по сравнению с ягнятами платиновой, антрацитовой и янтарной расцветки.

Во втором периоде селекционно-племенной работы более утолщен эпидермис у коричневых, черных ягнят и бронзовой расцветки. Толщина пилярного слоя составило у ягнят атырауско смушково-мясо-сальной породы от 76,5% до 79,0%. Среди ягнят наиболее утолщен пилярный слой у коричневых ягнят, разница достоверна (P>0,95) по сравнению с ягнятами других расцветок. Наиболее толстым оказался ретикулярный слой у курдючных ягнят, который колебался от 23,1 до 23,5%. Среди ягнят атырауско-смушково-мясо-сальной породы этот показатель колебался от 20,9 до 22,7%.

В третьем периоде селекционно-племенной работы общая толщина кожи представлены в таблице 3. Данные таблицы показывают, что у курдючных ягнят больших изменений не имела, а у атырауской смушково-мясо-сальной породы толщина кожи не имело больших изменений, но также наблюдалось более утолщенная кожа у ягнят коричневой окраски. Среди ягнят сур наиболее утолщенную кожу имели ягнята платиновой расцветки, где разница с ягнятами янтарной расцветки составили 13,9 мкм, бронзовой 12,8 мкм, антрацитовой 65,6 мкм.

В четвертом периоде данные по толщине кожи представлены в таблице 4. Анализируя данные таблицы заметно, что у ягнят атырауской смушково-мясо-сальной породы происходит утонение эпидермисом по сравнению с I периодом на 1,7 мкм у ягнят платиновой расцветки, на 0,7 мкм у ягнят бронзовой расцветки, на 0,4 мкм у ягнят янтарной и атрацитовой расцветки. Среди ягнят разных расцветок атырауско смушково-мясо-сальной породы глубина пилярного слоя составила от 76,4% до 77,1%, тогда как ретикулярный варьировал от 22,1% до 22,8%.

На основании исследований можно сделать вывод, что толщина кожи у курдючных ягнят несколько толще, расположение корней волос более глубже, чем у ягнят атырауско-смушково-мясо-сальной породы Влияние селекционно-племенной работы по отбору животных с тонкой кожей, необходимой для смушковых качеств каракуля привело к этим показателя в четвертом периоде. Мы считаем, что атырауская порода со смушково-мясо-сальныной продуктивностью приобрела необходимую толщину кожи

Таблица 1 - Толщина кожи и ее слоев у ягнят атырауской породы со смушково-мясо-сальной продуктивностью породы в I периоде селекционно-племенной работы (1979-1985 г.)

Окраски ягнят	N	Общая толщина кожи M±m	%	Толщина слоев кожи					
				эпидермис		пилярный		ретикулярный	
				M±m	%	M±m	%	M±m	%
Курд. черная	5	2660,1±24,5	100	21,5±1,2	0,8	1981,6±18,5	80,5	657,2±10,8	18,7
Курд. коричн.	5	2643,9±21,4	100	22,5±1,3	0,9	1946,4±19,7	80,2	675,3±11,4	18,9
Сур бронз.	5	2479,9±21,7	100	21,1±1,2	0,8	1924,7±15,6	80,8	534,1±10,1	18,4
Платиновой	5	2443,1±20,8	100	20,5±1,3	0,8	1910,1±16,8	78,1	512,5±12,7	21,1
янтарная	5	2423,8±19,6	100	19,7±1,1	0,8	1895,2±18,1	78,1	508,9±13,4	21,1
антрацит.	5	2456,2±19,9	100	20,3±1,4	0,8	1914,3±17,5	77,9	521,6±12,1	21,3
Черная.	5	2464,9±22,1	100	20,2±1,2	0,8	1932,1±11,4	78,3	512,6±14,5	20,8
Корич.	5	2487,5±20,4	100	21,3±1,4	0,8	1940,5±13,1	78,0	525,7±12,6	21,2

Таблица 2 - Толщина кожи и ее слоев у ягнят атырауской смушково-мясо-сальной породы во II периоде селекционно-племенной работы

Окраски ягнят	N	Общая толщина кожи M±m	%	Толщина слоев кожи					
				эпидермис		пилярный		ретикулярный	
				M±m	%	M±m	%	M±m	%
Черная курд.	5	2656,8±21,7	100	23,4±0,5	0,8	2011,3±19,1	75,7	622,1±13,5	23,5
Корич. курд.	5	2819,5±23,1	100	22,7±0,7	0,8	2146,4±18,1	76,1	650,4±14,1	23,1
Сур платин.	5	2379,4±25,1	100	20,7±0,5	0,8	1856,7±18,5	77,6	502,2±12,1	21,6
Бронзовая	5	2391,3±23,7	100	21,3±0,8	0,8	1873,4±19,1	78,3	496,6±13,4	20,9
Янтарная	5	2399,7±21,4	100	20,1±0,6	0,8	1896,1±17,3	79,0	483,7±12,7	20,2
Антрацит.	5	2361,1±22,6	100	19,8±0,7	0,8	1849,8±16,7	78,3	491,4±13,2	20,9
Черная	5	2435,6±23,1	100	21,1±0,5	0,8	1871,5±17,1	76,8	543±14,7	22,4
Коричневая	5	2487,1±22,3	100	21,7±0,3	0,8	1903,4±18,2	76,5	562±13,2	22,7

Таблица 3 - Толщина кожи и ее слоев у ягнят атырауской смушково-мясо-сальной породы во III периоде селекционно-племенной работы

Окраски ягнят	N	Общая толщина кожи M±m	%	Толщина слоев кожи					
				эпидермис		пилярный		ретикулярный	
				M±m	%	M±m	%	M±m	%
Черная курд.	5	2577,9±22,7	100	23,4±1,9	0,9	1952,4±17,5	75,8	602,1±14,1	23,3
Корич. курд.	5	2557,0±20,7	100	21,5±1,4	0,8	1911,7±18,7	74,7	624,5±15,4	24,5
Сур платинов	5	2402,9±19,5	100	20,2±1,3	0,8	1870,2±17,5	77,8	512,5±15,1	21,4
Бронзовая	5	2415,7±20,3	100	21,5±1,5	0,8	1886,4±21,0	78,0	507,8±13,4	21,2
Янтарная	5	2389,9±19,8	100	20,9±1,4	0,8	1864,9±19,1	78,0	504,1±16,1	21,2
Антрацит.	5	2337,3±20,7	100	20,5±1,3	0,8	1807,3±21,4	77,3	509,8±14,1	21,9
Черная	5	2393,6±19,4	100	21,4±1,1	0,8	1850,1±19,5	77,2	522,1±11,5	22,0
Коричневая	5	2462,2±20,3	100	22,3±1,3	0,9	1896,5±18,3	77,0	543,4±13,7	22,1

Таблица 4 - Толщина кожи и ее слоев у ягнят атырауской породы со смушково-мясо-сальной продуктивностью в IV периоде селекционно-племенной работы

Окраски ягнят	N	Общая толщина кожи M±m	%	Толщина слоев кожи					
				эпидермис		пилярный		ретикулярный	
				M±m	%	M±m	%	M±m	%
Черная курд.	5	2539,7±22,1	100	22,4±1,4	0,8	1931,1±16,5	76,0	586,2±13,8	23,2
Корич. курд.	5	2566,5±23,4	100	23,7±1,3	0,9	1940,4±17,5	75,6	602,4±14,7	23,5
Сур плат.	5	2347,6±23,7	100	19,5±1,2	0,8	1805,6±19,4	76,9	522,5±13,2	22,3
Сур бронз.	5	2386,2±22,7	100	19,8±1,3	0,8	1834,1±18,7	76,8	532,3±11,4	22,4
Сур янт.	5	2372,9±21,8	100	19,3±1,2	0,8	1831,2±22,1	77,1	522,4±12,1	22,1
Сур антр.	5	2343,4±20,6	100	19,9±1,1	0,8	1791,4±19,8	76,4	532,1±13,5	22,8
Черная	5	2362,6±18,4	100	21,5±1,3	0,9	1830,7±17,5	77,4	510,4±13,1	21,7
Коричневая	5	2451,5±17,1	100	22,4±1,5	0,9	1897,5±18,3	77,4	531,6±12,3	21,7

ӘОЖ 636. 22/28. 083

АТЫРАУ ЕЛТІРІЛІ-ЕТТІ-МАЙЛЫ ҚОЙ ТҰҚЫМЫ СЕЛЕКЦИЯСЫНЫҢ ӘР МЕРЗІМДЕГІ ҚОЗЫЛАРДЫҢ ЖҮН ЖАБЫНЫҢ ЖЫЛТЫРЛЫҒЫ

Шамекенова Р.Д., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Республикасының ғылым, техника, білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
ТОО «Юго-Западный научно-производственный центр сельского хозяйства»

Қаракөл қой шаруашылығында қозылардың жүнінің жылтырлығы әр түрге бөлінеді: жалтырлығы күшті, қалыпты, жалтырлығы жеткіліксіз, шыны сияқты жалтырлық және күңгірт жүн. Бұл көрсеткіштер негізінен көзбен көру арқылы бағаланады.

Жүннің жылтырлығы бірінші кезекте жүннің қасиетіне байланысты: күшті жылтырлық-жүннің жібектігімен, ұзындығымен және серпімділігімен байланысты. Қалыпты жылтырлық- жүннің қалыпты жібектігіне, орташа ұзындығына және орташа серпімділігіне байланысты. Жылтырлығы жеткіліксіз жүннің қасиеті - жібектігі нашар, жүні жіңішкелеу, серпімділігі де жеткіліксіз болады. Шыны сияқты жылтырлық - жүн талшықтары ірі, құрғақ және өлі жүндерге байланысты.

Қаракөл қозыларының жылтырлығы күшті болуы керек. Терінің жылтырлығы жүннің құрылысына бұйраның орналасуына, иректігіне және бұйраның типіне байланысты. Күшті жылтырлық көбінесе жазық бұйралы елтірі типінде кездеседі.

Атырау елтірілі-етті-майлы құйрықты қой тұқымын шығару мақсатында Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы «Жаскайрат» АҚ-ында Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының шекаралары түйіскен жерінде жергілікті құйрықты қазақы қойын Оңтүстік Өзбекстаннан әкелінген қаракөл тұқымының сурхандария сұры аталықтарымен шағылыстырады.

Біздің зерттеу нәтижелерінде (1-кесте) бірінші кезеңде (1975-1985 жж.) күшті жылтырлығы бар қозылар кездеспеді. Қалыпты жылтырлығы бар қозылар көбінесе қара қозыларда болды. Қара қойлардан туылған қара қозылардың ішінде қалыпты жылтырлығы бар қозылардың үлесі 44,2 % болды, ал сұр қозыларда бұл көрсеткіш 54,2 %. Қоңыр қойлардан туылған қозыларда шыны тәріздес жылтырлық басым болды, қара қозыларда бұл көрсеткіш 32,1 % тең, ал қоңыр қозыларда 40,2 %, сұр қозыларда 14,2 %.

Сұр қойлардан туылған қозылардың ішінде қалыпты жылтырлығы бар қозылардың үлесі 62,2 %, қоңыр қозыларда 53,6 %, ал сұр қозыларда 58,5 % болды.

Бұл алынған мәліметтер бойынша, селекциялық-асылдандыру жұмыстарының бірінші кезеңінде қоңыр қойлардан туылған қозылардың арасында шыны тәрізді жылтырлық көп кездесті. Шыны тәрізді жылтырлықтың болу себебі, бұл қоңыр саулықтардан көбінесе жүні ұзын, ірі бұйралы, ірі қозылар туылады. Күңгірт, шыны тәрізді жалтырлық көбінесе ірі бұйралы қозыларда кездеседі, себебі қазақы қойдың қозыларының жүн жабыны шыны тәрізді жалтыр болады.

1 кесте – Атырау елтірілі-етті-майлы қой тұқымының селекциялық-асылдандыру жұмыстарының бірінші кезеңіндегі қозылардың жүн жылтырлығы

Қой түсі	Қозы түсі	Қозы саны	Соның ішінде, жылтырлығы бойынша				
			күшті M±m	қалыпты M±m	жеткіліксіз M±m	көмескі M±m	шыны M±m
Қара	қара	280	4,2±1,0	44,2±2,9	13,9±2,6	13,6±2,1	24,1±2,5
	қоңыр	58	-	42,7±6,4	16,5±4,8	15,2±4,6	25,6±5,7
	сұр	239	5,9±0,21	54,2±2,1	19,0±1,1	8,7±0,41	12,2±0,64
